Өйткені ісқағаздарын жүргізу пәнінің мақсаты мен зерттеу объектісі құжаттың тарихи даму үдерісі болып табылады. Сондай-ақ ісқағаздарын жүргізу мен *кітаптану* ғылымының арасында да ортақтық мол. Ісқағаздарын жүргізу пәні мен *құқықтанудың* өзара байланыста болуы заңдылық саналады. Тіпті ісқағаздарын жүргізу пәнінің *экономика* ғылымдарымен байланысы да бар деуге болады. Ісқағаздарында басқару қызметі және оны ұйымдастыру мәселелері тікелей бейнеленетіндіктен, ісқағаздарын жүргізу пәнінің *басқару теориясымен, менеджментпен* де байланысы мығым. Ісқағаздарын жүргізу пәні *басқару социологиясы, басқару психологиясы және іскери қатынас* сияқты қолданбалы салалармен де тығыз байланысты. Ісқағаздарын жүргізу пәнінің *информатика* ғылымдары – *әлеуметтік информатика, есептеуіш техника және бағдарламалау, ақпараттық қауіпсіздік* және т.б. салаларымен байланысын да ерекше атап өту керек. Осы ғылымдармен бірге ғана ісқағаздарын жүргізу пәні қазіргі кезеңде құжатталған ақпаратты өндіру, тарату, тұтыну, сақтау сияқты теориялық және қолданбалы мәселелерді тиімді шеше алады.

Ісқағаздары қоғамның кез келген саласында маңызды қызметтер атқарады. Мысалы, а) *басқару саласында*: 1) ақпарат тасымалдау; 2) басқарушылық шешімдерді белгілеу мен тарату; ә) *экономика саласында* кәсіпорындар мен мекемелердің қызметін бейнелейтін құжаттарсыз болашаққа жоспар құру да, ағымдағы жоспарларды іске асыру да, шаруашылық қызметке талдау жүргізу де мүмкін емес. Кәсіпорын ішіндегі шаруашылық үдерістердің барлық сағысы – жабдықтау, өнім шығару, өткізу, еңбекке ақы төлеу және т.б. құжатталуға тиіс; б) *әлеуметтік үдерістерді реттеуде* қызметкердің еңбек қызметін бейнелейтін және зейнетақы төлеу үшін еңбек өтілін растайтын және т.б. кадр бойынша (жеке құрам) ісқағаздары айтарлықтай мәнге ие; в) *ғылым мен техника, индустрия саласында*: өндірістік үдерістерді басқару жөніндегі ісқағаздары (ғылыми-техникалық құжаттама) ғылыми-зерттеу мәселелерін шешуде, жана ғимараттар мен құрылыстар салуда, өнеркәсіптік өндіріс бұйымдарын дайындау ісінде қолданылады [2, 7-9].

Ісқағаздары архивтану, дереккөзтану, ақпараттық пәндер, құқықтық, тарихи ғылымдар, бухгалтерлік есеп, статистика және т.б. көптеген ғылымдардың да зерттеу объектісі болып табылады. Мысалы, құжат – заңгер үшін құжат бір нәрсенің дәлелі, айғағы, тарихшы үшін – тарихи дереккөз, басқару саласының маманы үшін басқарушылық шешімдерді белгілеу мен таратудың құралы.

Әртүрлі теориялық ғылыми және қолданбалы пәндерде ғылымның барлығы немесе көпшілігі қолданатын жүйелеу әдісі, модельдеу әдісі, функционалдық әдіс, талдау, синтездеу, салыстыру, жіктеу, жалпылау және т.б. тәсілдері, ал ісқағаздарын жүргізу ғылымында *құжаттарды біріздендіру және стандарттау; формулярлық талдау әдісі, құжаттардың құндылығын сараптау әдісі* сияқты арнаулы тәсілдер қолданылады. Ісқағаздарын жүргізу пәнінде қолданбалы лингвистиканың – ең алдымен *ісқағаздары мәтіндерін біріздендіру, тілдік бірліктерді стандарттау* сияқты жетістіктері кеңінен пайдаланылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Лингвистические основы делопроизводства: конспект лекций / Авт.-сост. Т.П. Слесарева. Витебск : УО «ВГУ им. П.М. Машерова», 2012. 50 с.
- [2] Гваева И.В. Делопроизводство: курс лекций // И.В. Гваева, А.А. Тепляков. – Мн.: Акад. упр. при Президенте Респ. Беларусь, 2009. 231 с.
- [3] Ісқағаздарын жүргізу негіздері: [оқу-қолданбалы құрал]. Н.Ә.Асқаров, Ж.Б.Нәлібаев, Б.Б.Белғара. Алматы, 2007. 241 б.
- [4] ҚР МемСТ 1037-2001 «Ісқағаздарын жүргізу және мұрағат ісі. Терминдер мен анықтамалар». 43 б.

Б.Қ. Қасым

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор
Алматы қаласы, Қазақстан

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Аннотация. Когнитивті лингвистика ғылымының қазіргі даму кезеңі зерттеушілерге осы мәселелерді заманауи әдістер негізінде қайта қарастыру міндетін қояды, олардың бірі тілдік бірліктерді өзіндік жүйе ретінде зерттеу әдісі болып табылады. Түркі тілдерінде ең дамыған лексикалық-семантикалық топ туыстық атаулардан тұрады, олардың салыстырмалы талдауы осы мақалада талданған. Бұл мақаланың өзектілігі оның түркологиядағы туыстық атаулары функционалды-семантикалық аспектіде зерттелетіндігінде. Тілдік фактілерді зерттеудің ономазиологиялық сипаты түркітанудағы жаңа бағытты білдіретін функционалдық лингвистиканың негізгі, жетекші қағидаты болып табылады. Тіл және оның деңгейлері тұтас жүйе ретінде ұсынылады, оның ішінде туыстық атаулар. Түркі тілдеріндегі туыстық атаулардың функционалды-семантикалық жіктелуі туыстық қатынастардың ең көп таралған мағыналарының генетикалық табиғатын анықтауға мүмкіндік береді. Барлық туыстық атаулар семантикалық құрылымдарда жетекші интеграл болып табылатын “туыстық” семасы негізінде бір лексикалық-семантикалық өріске біріктірілген.

Тірек сөздер: когнитивтік лингвистика, лексика-семантикалық топ, функционалдық-семантикалық жіктеу.

Б.К. Қасым

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
доктор филологических наук, профессор
Алматы, Казахстан

ФУНКЦИОНАЛЬНО-СЕМАНТИЧЕСКАЯ СИСТЕМА РОДСТВЕННЫХ НАЗВАНИЙ В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ

Аннотация. Современный этап развития науки о когнитивной лингвистике ставит перед исследователями задачу – заново рассмотреть эти вопросы на основе современных методов, одним из которых является метод изучения языковых единиц как своеобразной системы. В тюркских языках наиболее развитую лексико-семантическую группу составляют наименования родства, сравнительному анализу которых и посвящается данная статья. Актуальность данной статьи заключается в том, что в ней наименования родства в тюркологии изучаются в функционально-семантическом аспекте. Ономазиологический характер изучения языковых фактов является основным, ведущим принципом функциональной лингвистики, представляющей новое направление в тюркологии.

Язык и его ярусы представляются как целая система, в том числе и наименований родства. Функционально-семантическая классификация наименований родства в тюркских языках даёт возможность определения генетической природы наиболее распространённых значений наименований родства. Все наименования родства объединяются в одно лек-

сико-семантическое поле на основе семы «родства», которая является интегральной, ведущей в семантических структурах.

Ключевые слова: когнитивная лингвистика, лексико-семантическая группа, функционально-семантическая классификация.

В.К.Kassym

Abai Kazakh National Pedagogical University, Doctor of Philology, Professor
Almaty, Kazakhstan

THE FUNCTIONAL-SEMANTIC SYSTEM OF RELATED NAMES IN TURKIC LANGUAGES

Annotation. The current stage of the development of the science of Cognitive Linguistics sets the task for researchers – to re-examine these issues on the basis of modern methods, one of which is the method of studying language units as a peculiar system. In Turkic languages, the most advanced lexical-semantic group consists of names of relationship, and this article is devoted to their comparative analysis. The relevance of this article lies in the fact that it considers names of relationship in Turkology in functional-semantic aspect. The onomasiological character of study of linguistic facts is the main leading principle of Functional Linguistics which represents a new direction in Turkology. A language and its layers are represented as a whole system, including names of relationship. The functional- semantic classification of names of relationship in Turkic languages allows determination of the genetic nature of the most common meanings of names of relationship. All names of relationship are combined into one lexical-semantic field on the basis of the seme “relationship”, which is an integral and leading one in semantic structures.

Keywords: Cognitive Linguistics, lexical-semantic group, functional-semantic classification

Когнитивтік лингвистикада халықтың жалпы рухани өмірін, салт-дәстүрін, өзіндік қасиеттерін, ұлттық дүниетанымын қайта қарастыру ерекше мән-маңызға ие болды. Когнитивтік лингвистика – халықтың тұрмыс-салты мен әдеп-ғұрпы материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің жаңа саласы. Қазақ тілінің туыстық атауларға қатысты дәстүрлі этномәдени лексикасын **функционалдысемантикалық** тұрғыдан қарастыра отырып, концептілер аясындағы нақты ұғымдардың мән-мағынасын ашу үшін сөзге қатысты барлық мазмұнды ақпаратты қамтудың қажеттігін анықтау қажет. Сөздің мағынасын және оның алуан түрлі ассоциациялық байланыстарын бейнелейтін денотативті және коннотативті мазмұн. Халықтың мәдени өмірінен хабар ететін туыстық атаулар ерекше таңбалық жүйені құрайды. *Туыстық атау* – этномәдени, лингвомәдени таңба. Мәдени коннотация екі семиотикалық жүйені (тіл мен мәдениет) салыстырып, олардың байланыстарын жүзеге асырады. Коннотациялар сөз мағынасындағы ассоциативтік белгілердің бекітілуі арқылы пайда болады. Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың лингвомәдени сипаты семантикалық маңызға ие болатын белгілі бір әдет-ғұрыпқа, ритуалдарға байланысты болып келеді. Туыстық лексика құрылымында ұлттық ерекшеліктер айқындалады. Олар өз ішіне көптеген лексикалық бірліктердің мағыналарын жинақтайды.

Туыстық – тарихи-этникалық ұғым. Оның қалыптасуы мен дамуы белгілі бір этностың өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен, әдет-ғұрып, салт-санасымен байланысты. Қазақ тіліндегі туыстық қағынастар мен атаулар топ-топқа бөлініп жүйеленеді. Тұрмыс-салт лексикасында туыстық атауларына байланысты күрделі аталымдар көп. Мағына жағынан тануға, талдауға келгенде біріккен сөздер (оның ішінде, кіріккен сөздер) қиынға

түседі. Қазақ ұлты өзінің шыққан тегін, кіндік кесіп, кір жуған атажұртын қастерлеп, *жеті атасын* жадында тұтуды парыз деп санады. «*Жеті атасын білген ұл жеті рулы елді біледі*» деген сөзді салмақтап, қазақ халқы тегін айтпаған болар. «*Қырық рулы еліміз, қарға тамырлы қазқылыз*» деген сөз де ертеден келе жатқан қанағты сөздер. Бұл – қазақтың аралас-құралас, алыс-берісті, құда-жекжат, жамағайын-жұрағатығын аңғартатын көне заманнан жеткен ұғым. Ғалым адамдар арасында қалыптасқан қатынастарды **екі топқа бөліп** (туыстық қатынастар және жақындық қатынастар) қарастыра отырып, туыстықтың өзін ұрпақтың өсіп-өнуіне байланысты *екі бағытта* – «тік бағытта» (ата ұрпағының өсуі – ата жұрт) және «көлденең бағытта» (ана ұрпағының өсіп-өнуі – *нағашы жұрт*) тарап-тады. Яғни туыстыққа байланысты барша атаулар мен тіркестерді «ата өрісі» мен «ана өрісі» шеңберінде топтайды да, оған қайын жұртқа қатысты «құдандалық өрісті» қосып, осы үш негізден тарап-тады. Сөздікте аталған негізгі үш топқа қосымша төртінші топ – «алыс-жақындыққа қатысты атаулар» туралы да баяндалады. Ғалым әрбір туыстық атауға кеңінен тоқтала отырып, олардың бәрінің де өзегінде жатқан уәжділігін тарап-тап айта отырады. Қазақта туыстық қатынастарды өзара сабақтас үш жұртқа бөліп айтады. Біріншісі – адамның әкесі жағынан туысатын *өз жұрты*. Екіншісі – шешесі жағынан туысатын *нағашы жұрты*. Үшіншісі – әйелі, не күйеуі жағынан туысатын *қайын жұрты*. Адамның өз жұртын жеті ұрпаққа тарап-тап айтады.

Ер адамның өзінен тарайтын ұрпақтары: адамның өзінің бел баласы – ұлы мен қызы – ұлдан туған – *немере*, қыздан туған бала – *жиен*. *Немере мен жиеннен туған балалар шөбере және жиенишар*. *Немене (шөпшек) – туажат*. Немере және шөбере сөзімен тіркескен зат атаулары: *немере аға, немере ана, немере іні, немере қарындас, шөбере аға, шөбере қарындас, әке-шеше*.

Туыстық атауларға байланысты тілдегі қалыптасқан күрделі аталымдарының ең үлкен тобын құрайтындар – **тіркесті күрделі аталымдары**. Олар: *нағашы ана, нағашы ата, нағашы іні, нағашы аға: «нағашы»* – балаларына шешесі жағынан туысы». Мысалы, нағашы аға, нағашы ана, нағашы ата, нағашы әже, нағашы жұрт, нағашы қарындас (шешесінің жасы кіші төркін бауырларынан туған қызға айтылатын туыстық атау), нағашы шеше (шешенің анасына ұзатылған қызының баласы тарапынан айтылатын туыстық атау), нағашы іні (шеше баласынан жасы кіші төркін бауырларынан туған ұлға айтылатын туыстық атау) атаулар. Нағашы жеңге (шешенің төркіндері жағындағы жасы үлкен ағаның әйеліне айтылатын туыстық атау), нағашы жезде (шешенің төркіндері жағындағы әпкенің күйеуіне айтылатын атау), немере нағашы аға, немере нағашы ана тәрізді тіркесті күрделі атаулар. Күрделі аталымдарының ендігі бір тобы **қосарлы аталымдар**: *ағайын-туған, туған-туыс, іні-бауыр, жақын-жуық, жақын-жақыбай, жақын-жұрағат, ата-баба, үрім-бұтақ, өрен-жаран, ағайын-аймақ, жекжат-жұрат, құда-жекжат* т.б.

Тұрмыс-салт лексикасында туыстық атауларға байланысты сөздер көп. Л.А.Покровская: «Лексика-семантикалық топтағы атаулар, әсіресе туыстыққа қатысты атаулар қай тілдің болсын негізгі сөздік қорына еңбек», – дейді [1]. Түркі тіліндегі туыстық атаулар Н.П.Дыренкова, К.Мусаев, Н.А.Баскаковтың [2] зерттеу еңбектерінде кездеседі.

Аға: Қазақ тілінің сөздігінде мынадай анықтама берген: «1. *Ағайынды адамдардың жасы жағынан үлкені*. 2. *Жасы үлкен ер адам*». *Аға* сөзі көне замандардан түркі тілдерінің көбінде қолданылып келе жатқан сөз. Бұл сөздің үш түрлі нұсқасы бар: *ага* (қырғ., таг., эзрб., порк., гаг., тілдерінде); *ага*: (қазақ, қырғыз, татар тілдерінде) *ага/ага* – «жасы үлкен ағайын», *Ака*: (ұйғыр, алт., өзбек тілдерінде); қарақалпақтың, хакас, шор тілдерінде *ага/ага/акка* – «ата»; чуваш, саха тілдерінде *агай/акка/агас* – «апа»; түрік пен эзрбайжан тілдерінде *ага/ага* – «мырза» деген сөз [3]. *Аға* сөзі қай тілден енгені белгісіз. Бұл сөздің шығу тегі туралы әртүрлі болжам бар. Мәселен, араб тілінен алынған [Золотницкий, Корнев, Чув.-рус. сл., 133] десе; бұл сөздің моңғол тілінен шығып, кейін түркі және басқа

тілдерге де тарауы мүмкін [Монг.-рус. сл., 1957, 47 б.]. *Аға* сөзінің шығу тарихы жөнінде түрлі болжам бар: *ай* сөзінен, оның «*айқын, жарық, ақшыл, жарқын*» деген мағынасынан шыққан, алғашқы кезде *аға* деп *ақжөңіл, ақ жүрек, мінезі ашық, жарқын* кісіні атаған дейді. Бұны дәлелдеу үшін шағағай тілінде қолданылған *аја, еје* – «кәрі әйел», *ајит* – «құрметті әйел» деген сөздерін келтіреді [Vambery. Etym. Wört, 6]. Келесі пікір *аға* сөзі «ақ» сөзінен шыққан деп есептейді. Мәселен, салыстырма ретінде финн тіл-деріндегі *уко* – шал, *ука* – кемпір деген сөздерді келтіреді де, бастапқы кезде *аға* деп жасы үлкен, шашы ағара бастаған кісіні атаған дейді (Lokotsch, Etym, Wört, 3) [3].

Ағайын: *Ағайынмен* бар, сырлас, Тегін тамақ татырмас (*Жамбыл*). Бұл сөз *аға* және *іні* деген жеке сөздерден құралған. Қазір де *аға-іні* деген қос сөз қазақ тілінде жеке қолданылады. Кейбір түркі тілдерінде (ұйғыр, татар, башқұрт, өзбек) бұл сөз осы толық қолданылып жүрсе, қазақ, қырғыз және қарақалпақ тілдерінде фонетикалық заңға бағынып, аға мен іні сөздері кірігіп, *ағайын* болып өзгеріп кеткен. О баста *аға-іні* «жасы үлкен мен кіші ағайындар» деген мағынаны білдірсе, кейін жалпы *туған-туысқан* мағынасында жұмсалатын болған [4].

Жиен сөзі ескі түрік тілінде *йегін* (жегін) түрінде кездеседі. Бұл сөздің түбірі – *жег* (+*ін*). Яғни, *кел+ін, қай+ын* сөздері сияқты мұнда да *-ін-* жұрнақ. Сонда **жек** сөзі жеке қолданылған ба? Ол – *жегжәт* (жег+жәт) сөзінің **жег** сыңарымен түбірлес: *жег* чуваш тілінде туыс мағынасында жеке-дара қолданылады: (Чувашско-русский словарь. М., 1961. -119 б.) Яғни, *жиен* (жег+ін), *жегжәт* сөзі *жәттан туыс* деген сөз. Тілде жеке сыңары түсініксіз болып кеткен мұндай сөздер көптеп кездеседі. Мысалы: *жаммағайын* дегеннің *жам* бөлшегі жалпы халықтық тілде кездеспегенімен, қайсыбір жергілікті тілде ру, ата мағынасында осы күнге дейін сақталып қалған: *жам/јат* I 1. *сор, соринка*: (көзге *жам түсті* [МК, III, 5]. II: *атау*. [ДТС, 1969: 230 с.]. «*Жағалбайлы бірнеше жамға (ру, атаға) бөлінеді*» [5].

Жекжәт: жама ағайынды, құда-құдандалас адам. Кіріккен сөз мағынасы алыстанқыраған, жәт болуға айналған ағайын дегенге келеді. Мысалы: «Ай көрмесең, *ағайын жәт*, жылы көрмесең, *жәкжәт жәт*» деген халық мәтелі бар. Сөздің бірінші бөлігіндегі «ж» екінші сөздің бас дыбысының әсерімен ұяндаған. Бұл ертеде біріккен көне сөз. Ал екіншісі сыңар «*жәт*» – сын есім, *жәкжәт*, туыстық қатысы жоқ *бөтен, бөгде* адам дегенді білдіреді. Осы күрделі сөздің негізінде: *жәкжәттық, жәкжәт – жәрат, жәкжәт – жәрағат, жәкжәт – күрделі зат аталымдары* пайда болған. «*Жәт*» сөзімен де байланысты бірнеше сөздердің тіркесі жасалған. *Жәт есік, жәтбауырлық, жәтжәрт, жәт жер* т.б. *жәтжәрт* – өз елі емес, бөгде ел. «*Қыз бала – жәтжәртқа жаралған*», «*Жәт елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол*» (Мақал). **Қарынбөле** көне сөз, біріккен түбір. Екі сыңардан тіркескен бұл сөз бір әкенің екі қызынан туған балалар бір-біріне «*қарын-бөле* болып келеді» (Бұл тұқымның қарнынан бөлінген). «*Сұраса келе қарынбөле шығады*» деген халық мәтелі бар: *қарынбөле, немере бөле, қайынбике, қайынсіңлі, қайын-ата, қайынапа* т.б.

Жиенишар: Бұл сыңарлардағы «жиен» күйеуге шыққан қыздың баласы. *Шар* – сөзі түсіндірмелі сөздікте бірнеше мағынада берілген. *Жиен* сөзімен бірігуі де оның «*шұбырған көп із шиыр*». Тек жай ғана бірқыдыру түскен із емес, әбден шимайлап қалған шыпырман ізді – *шар* деген. Демек, *жиенишар жиеннің ізі* деген мағына білдіреді.

Ене. 1. Ана, шеше. *Ене* (ана) көрген тон пішер (Мақал). 2. Ерлі-зайыпты кісілердің бірінің шешесі екіншісіне ене болады. Ұлжан енесіне бағана Абай ұйықтап жатқанда, бар жайды айтып еді (Әуезов); **Ене.** 1. Ерлі-зайыптылардың аналары бір-біріне ене болады. Қынай енесімен бірге тұрады (М. Дүйсенов, Гүлжан). 2. Жан-жануарлардың төлінің аналығы. 3. *Ауыс.* Бала тапқан ана, шеше. ◊ **Кіндік ене.** Жаңа туған жас нәрестенің кіндігін кесуші әйел, кіндік шеше. **Қайын ене.** Әйелдің туған шешесі (еркекке қатысты). **Ене** 1. этн. Ерлі-

зайыптылардың шешелерін білдіретін туыскандық атау. Бұл кісі мына Шолпанның мамасы, менің енем деп таныстырды (Ә.Нұршайықов, Алтын). 3. *көне*. Баланың анасы, шеше. Енеден екеуміз. Бірақ екеуміз екі түстіміз. Запы жат жаралған дегенің болмаса, менен Қамар артық (Д.Әбілев, Ақын). *Кіндік ене* этн. Кіндік шеше (жаңа туған нәрестенің кіндігін кесуші әйел, кіндік шеше). Бір сөз айтсам, балам-ау, күлермісің, Біздікінде аялғып жүрермісің. Баян қыздың күйеуі сен болғанда, *Кіндік енең* мен едім білермісің (Қозы Көрпеш). *Қайын ене* этн. Ер адамның әйелінің шешесі. Сүйеу қарт соңғы қозысын сойып қазан көтертті. *Қайын енесі* де пейілді (Ә.Нұрпейісов, Сергелден).

Абысын: *абысын-ажсын* моңғол тілінде екеуі де мағыналы сөз. *Абысын* – жена старшего брата по отношению к жене младшего брата, *Ажсын* – жена младшего брата по отношению к жене старшего брата, невестка/ (Моңғ.-рус. словарь).

Абай *ажсын* сөзін кісі аты негізінде қалдырған. «*Ажсыны* жақсы-ақ қызы едім». *Абысын* – о баста тілдегі *ана* және *сіңлі* сөздерінің қосарлана айтылып, бірігуінен жасалған. *Абысын* сөзінің алғашқы бөлігі *ана/ аба/* сөзінің шығу төркіні туралы Э.Севортян этимологиялық сөздікте *сіңлі* XIғ. – *сіңлі* тұлғасында «младшая сестра мужа», яки *қайынсіңлі* мағынасында қолданылады (М.Қашқари. III т. 408 бет). Екі сөздің бірігіп, бір мағынаны білдіріп, тұлғалық ерекшеліктердің түсуін былайша үлгілеуге болады: Мысалы, *Абысын* → *ағайынды кісілерге тұрмысқа шыққан әйелдердің бір-біріне туыстық қатынасы. Қазақтың салт-дәстүрі бойынша олар, күйеулерінің рулас, аталас туыскандарының әйелдерімен де сондай жақындықта болады деп саналған. Абысын-ажсын* → *бірге туған, ағайындас, туысқан адамдардың әйелдерінің күйеулері жағзынан алғанда бір-біріне жақын-жуық болып келе-тін туыстық қатынасы. Бұл сөздің әрқайсысының өзге түркі және моңғол тілдерінде өз алдына жеке-жеке мағыналары бары белгілі. Қалыптасқан дәстүр бойынша қазақта ағаның әйелдерін келіндері «абысын» десе, абысындар қайындарының әйелдерін «ажсын» деп құрметтеген. Аба/ана мағынасында, сіңіл/сіңілі мағынасында, абасыңыл → абасын/-ыл/ → абасын-абысын. Сонымен, тарихи тұрғыдан қарағанда бірі – іні әйелінің ағасының әйеліне қарата, абысын, ал, екінші аға әйелінің інісінің әйеліне қарата / ажсын/ айтылған туыстық атау.*

Қатын//Qatun 1. *госпажа, вельможная дама, женицины знатного происхождения; жена правителя, знатного человека: qatun qatıŋa (материқатун)* [ДТС,1969: 436 с.]. Түрікше: *qatın*, басқа тілде *x* дыбысынан басталады: тағар: *хатын*, өзбек: *хатун*, саха (якут): *хотун*, ұйғыр: *хотун*; Түркі тілдерінде *қ* нұсқасымен айтылады: башқұрт: *катын*, қырғыз: *катын*, алтай: *қадын*, қазақ: *қатын* [5]. Мысалы, Шырағым, мен Жамбылмын, Өзің қайдан, атың кім? Ауылдарың қай жерде? *Қатын*, балаң бар ма әлде? (*Жамбыл*). *Қатын* сөзі түркі тілдерінің көбінде қолданылып келе жатқан сөз. М.Қашқари сөздігінде «*ақ сүйек (хан, төре, бек) қызы*» деген мағынада жұмсалған, кейін «ерте шыққан әйел» дегенді білдіретін болған [6]. Сол сияқты ескі түркі жазу нұсқаларында да *қатун /хатун* сөзі екі мағынада қолданылған сияқты [Малов. Пам. др. Письм.; 422, 442, Батманов и др. Совр. и др. Енис., 98, 101]. Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөз екі фонетикалық нұсқада кездеседі. Кейбір тілдерде *к/қ* дыбысынан басталса, *қатын /хатын* сөзінің бастапқы мағынасы – *ханым, бәйбіше, әйел*, кейін – *күйеуге шыққан әйел, зайып*. Бұл сөз кейбір түркі тілдерінде жоғарыда көрсетілген мағыналардан басқа қосымша ұғымға ие болған [7]. Мысалы: қырғыз, алтай, хакас, қазақ тілдерінде жағымсыздық коннотация бар – *өрескел* сөз ретінде қолданылады. Саха (якут) тілінде бұл сөз «қайынене», түрікше және моңғолша, керісінше, тек қана «*ханым, үлкен кісінің әйелі*» деген мағынада қолданылады. Қазақ тілінде *қатын* сөзі көбінесе сөйлеу тілінде қолданылады да, әдеби тілінде оның орнына *әйел, зайып, жар, жұбай* сөздері жұмсалады. Зерттеушілердің пайымдауынша, *қатын* сөзі дербес *қат/ хат* сөзі мен *-ын* жұрнағынан құралған деген болжам да бар. Дәлел ретінде тыва тілінде кездесетін *када* – апа, *кадай* – 1) жена; 2) старуха, старая (пожилая) женщина, 3) разг.

баба; қадайланыр – жениться, *қат ие* – қайынене және шор, хакас тілдеріндегі *қат* – әйел деген сөздер келтіріледі [8, 124]. Бірақ бұл пікір әлі де болса анықтауды, этимологиялық талдауды керек етеді. Бұдан басқа *қатын* сөзі солтүстік корей тіліндегі *ка* – үй және *тын* – жан деген сөзден шыққан, қатын «үйдің жаны, әйел» мағынасын білдіреді деген деректер де кездеседі. Бұл сөз финн тіліндегі *vaito* – әйел (түбірі *vait* – жан) деген сөзбен байланысты деген күмәнді топшылау да бар [8, 124].

Қорытынды:

- қандық және некелік туыстық атаулардың ажыратылуы. Мысалы: *ана, ата, қыз, қарындас* қандық туыстық атаулар болса, *ер, келін, құда* – некелік туыстық атауларға енеді.

- тарихи тұрғыдан мағыналары өзгеріске түскен. Мысалы: *оғул//оол* “бала” > *ұл, жасөспірім. уруғ* “отбасы”, “дән” > тайпа, туған > бала, (тыв.) қыз. Эр “ер адам, еркек (жануар) > ер”. Фонетикалық жағынан да өзгеріске түскен. хақ. *пасты* < *балдыз-ы, чув. кин* < *келін*.

Туыстық атауларға қатысты ерекшеліктер:

- туыстық терминдердің меншіктілік категориялары қосымшалар арқылы беріледі.

Газ.: *Оолу* “ұл” < *оғ (у)л-у (оолусу-оның ұлы)*; **Алт.:** *келди*; **Тыв.:** *кенни* < *кел (ин)-и “келін”*.

- туыстық атаулардың ер және әйел, қыз балаға қатынаста бөлінуі: *ана, қыз, ата, ұл*.

- **бур.-моңғ.** тілінде: **й** арқылы: аха-ахай – үлкен аға, *абы-абай* – әке, *абға-абгай* – әкесінің ағасы. **Й** түлғасынан басқа *-и, -аи, -әи, -ыи, -ии* қосымшалары да осындай қызметті атқарады: *кай-аи, қал-әи, кайн-әи, бик-еи*.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Покровская Л.А. Термины родства в тюркских языках // Историческое развитие лексики тюркских языков. М.: Изд-во АН СССР, 1961. С. 11-81; Термины родства в тюркских языках. М.: Наука, 1959. – 52 с.

[2] Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков. Ч.IV. Лексика. М.: Наука, 1962. 128 с.

[3] Джафаров Г.Г. О терминах седьмой-одинадцатой ступеней родства по прямой линии в азербайджанском языке // Синхронно-сопоставительный анализ языков разных систем. М.: Наука, 1971. С. 234-239;

[4] Джафаров Г.Г. Термины родства в семантической системе и грамматической структуре языка // СТ, 1974. № 3. С. 22-32.

[5] Кононов А.Н. К этимологии слова огул «сын» // Филология и история монгольских народов. Памяти академика Владимирцова Б.Я. М., 1958. С. 33-36.

[6] Древнетюркский словарь. М.–Л.: Наука, 1969. С. 160.

[7] Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997. 543 с.

[8] Қасым Б. Күрделі аталым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным (Зерттеулер). Алматы: ЖК Волкова А.В., 2010. 383 б.

[9] Бекбулатов Н.В. Башкирская система родства. М., 1981. 169 б.

[10] Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1966. 240 б.

[11] Проблемы этимологии тюркских языков. Алма-Ата: Ғылым, 1990. 383 с.

Ж.И. Исаева¹, Ш.П. Қарсыбекова²

¹Қ.А. Ясауи атындағы Қазақ-Түрік университеті,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Түркістан қаласы, Қазақстан

²Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Түркістан қаласы, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ ПАРЕМИОЛОГИЯДАҒЫ «ТАҒДЫР» КОНЦЕПТІСІ

Аннотация. Бұл мақалада әлемнің паремиологиялық бейнесінің проблемалары, атап айтқанда адам өмірі мен тағдыры, күнделікті өмірдің бақыты мен ауыртпалығы, өмірдің барлық осы аспектілерінің өзара байланысы мен өзара тәуелділігі, оның нәтижесі «адам және қоршаған әлем», «адам және өмір шындығы» қатынастарының күрделі механизмі қарастырылады, мұнда тек тілдік механизм ғана емес, іс - әрекет, сонымен қатар ұлттық өзіндік сана мен ұлттық мәдениеттің негізгі көзі ретінде әлемнің тұжырымдамалық бейнесін қалыптастыру. Бұл мақалада ұлттық паремиологиядағы «тағдыр» концептісі ашылған. Сондай-ақ «Тағдыр» концептісі қандай да болмасын халықтың мәдени мәні бар концептілерінің бірі болғандықтан, мақал-мәтелдердегі көрінісі жан-жақты ашыла түскен.

Тірек сөздер: концепт, паремиология, лингвостаным.

Ж.И. Исаева¹, Ш.П. Қарсыбекова²

¹Казахстанско-Турецкий университет имени Х.А.Ясави,
кандидат филологических наук, доцент. Туркестан, Казахстан

²Кандидат филологических наук, доцент
Туркестан, Казахстан

КОНЦЕПТ «СУДЬБА» В НАЦИОНАЛЬНОЙ ПАРЕМИОЛОГИИ

Аннотация. В этой статье исследуются проблемы паремиологической картины мира, а именно вопросы человеческой жизни и судьбы, счастья и тягот бытовой жизни, взаимосвязанность и взаимообусловленность всех этих сторон жизни, результатом которых является сложный механизм отношений «человек и окружающий мир», «человек и жизненная правда», где определяющим является не только языковой механизм деятельности, но и формирование концептуальной картины мира, как основного источника национального самосознания и национальной культуры народа. В этой статье раскрывается концепт «судьба» в национальной паремиологии. Так как концепт «судьба» является одним из концептов культурного значения всех народов, всесторонне раскрывается его отражение в пословицах и поговорках.

Ключевые слова: концепт, паремиология, лингвострановедение.

J.I. Isaeva¹, Sh.P. Karsybekova²

¹Kazakhstan-Turkish University named after H.A. Yasavi, Candidate of Philology,
Associate Professor. Turkestan, Kazakhstan

²Candidate of Philology, Associate Professor. Turkestan, Kazakhstan

THE CONCEPT «DESTINY» IN NATIONAL PAREMIOLOGY

Annotation. This article examines the problems of the paremiological picture of the world, namely, the issues of human life and fate, happiness and hardships of everyday life, the interconnectedness and interdependence of all these aspects of life, the result of which is a complex mechanism of relations «man and the surrounding world», «man and the truth of life», where the determining factor is not only the linguistic mechanism of activity, but also the formation of a conceptual picture of the world, as the main source of national identity and national culture of the people. This article reveals the concept of «fate» in the national paremiology. Since the concept of «fate» is one of the concepts of cultural significance of all peoples, its reflection in proverbs and sayings is comprehensively revealed.

Keywords: concept, paremiology, linguoculturology.

Кез келген ұлттық ұжым негізінде қалыптасқан қоғамда ұлттық паремиологияның ерекше көңіл бөліп, өзінің барша мазмұн-мәніне арқау етіп келе жатқан тақырыптарының бірі – «Адам болмысы», яғни адамның тағдыры, күнделікті өмір тіршілігінде көрген рахаты мен тартқан азабы бірінен-бірі туындап, бірімен-бірі сабақтасып келіп, «адам және оның ортасы», «адам және ақиқат шындық» арасындағы күрделі қарым-қатынастарды реттеуші тілдік тетік қызметінде жұмсалып қана қоймайды, ұлттық мәдениеттің төл тума болмысына қатысты құнды мәлімет беретін этномәдени ақпараттар қоймасы – концептілік аяның қалыптасуына да негіз болады. Бұл концептілік ая ауқымына енген әрбір паремия (мақал-мәтел) өз бойына ғалам бейнесінің бірнеше фрагменттерін тоғыстырып, тілдік дүние бейнесін қазақ ұлтының мәдени дүние бейнесімен ұштастырады.

Осы тұрғыдан келгенде мақал-мәтелдер қазіргі заман лингвистикасындағы өзекті проблемалардың бірі – «тілдегі адам факторы» мәселесін зерттеуде маңызды тілдік дерек көз қызметін атқарады.

Белгілі ғалым Ә.Қайдар мақал-мәтел туралы былай дейді: «Қазақ мақал-мәтелдерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор. Себебі, дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар. Дүние болмысының өзінде о бастан-ақ қалыптасқан табиғи реттілік бар. Ол реттілік барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда ғана көрінеді» [1, 142].

Халық даналығының сарқылмас көзі – мақал-мәтелдер бір-бірімен үзіліссіз қатыстылықта, тығыз қарым-қатынаста, өзара байланыста болып келетін дүниенің мәдени бейнесі мен дүниенің тілдік бейнесі тарамдалатын реалды дүние суретіне барып саятындығымен маңызды. Бізді қоршаған реалды дүние қалай болса солай құрылған, бейберекет әлем емес, ол өзінің онтологиялық негізіне ұқсастықтар мен айырмашылықтар және т.б. қарым-қатынастарды жинақтайтын жүйелі құрылым. «Реалды әлемдегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар қарым-қатынасы туралы түсінік біздің санамыздың фундаменталды бөлігі болғандықтан, олар біздің іс-әрекетіміздің кейбір түрлерін, атап айтқанда, концептуализация және категоризация процестерін анықтайды. Адам миында, психикасында концептуалды құрылымдардың, концептердің, тіптен бүкіл концептік жүйенің түзілуіне алып келетін ақпараттарды адамның түсіну, қорыту әрекетін концептуализация дейміз, ол процесс «адамзат тәжірибесінің ең кіші бірлігін» айқындауға бағытталады. Демек, концепт — концептуализацияның нәтижесі» [2, 11].

Ұлттық танымдық құрылымдар негізінде қалыптасқан паремиялар этнос болмысының, мәдениетінің рухани дүниетанымының көріністері. Ал «этнос» ұғымы «ұлт» ұғымына қарағанда тереңірек уақытты қамтиды. Атап айтқанда, ол сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық та дәуірлерді басынан кешірген адамдар қауымдастығын танытады. Олай болса, этностың басынан кешірген жоғарыда көрсетілген

барлық кезеңінен толық мағлұмат тек оның тіл қазынасында ғана сақталады. Ұлтқа ғана тән мәдени концептілер туралы В.Н.Телия: «Это в самом общем виде интерпретация денотативного или образно-мотивированного, квазиденотативного аспектов значения в категориях культуры» – деуі осының айғағы [3,288].

Осыған байланысты «тіл әлемі» – этностың өзін танып білудің қайнар көзі. Осы кезеңге тән ғаламды танудың, ойлау жүйесінің түрі ұлттық танымның мазмұндық межесі деп бағаласақ, оны бейнелеудің, тілде сақтаудың және қолданудың тұрпаттық межесі (план выражения) – тілдегі мақал-мәтелдер. Ғалым Ислам Айбарша: «Дүниенің тілдік суреті дегенімізді біз тілде көрініс тапқан жалпы ұлт өкілдеріне ортақ ұжымдық ұлттық мәдени тәжірибе негізінде жиналған білім жүйесі. Дүниенің тілдік суреті феномені тіл мен ойлаудың өзара қатынасын танымдық (когнитивтік) ғылымы шеңберінде қарастыру қажеттігін туындатады» – деген тұжырым жасайды [4,13].

Тіл білімінде пікірталас туындатқан «концепт» термині когнитивтік лингвистика ғылымының қажеттілігінен туындайды. «Концептін» «ұғымнан» басты айырмашылығы соңғысында энциклопедиялық ақпарат беріледі, яғни «концепт» «ұғымнан» кең мағынаға ие. «Ұғым» ғылыми білімнің нәтижесін білдірсе, «концепт» сөздіктегі мағынамен қатар, «алғашқы формасы (этимологиясы), басты тарихи белгілерін ғана қалдырып, өте ықшам формасын, қазіргі заман ассоциациясын, бағалау модусын» жинақтаған көпқабатты құрылым. Демек, концепт ұғымдық ақпараттан басқа психологиялық, этимологиялық, прагматикалық, мәдени ақпараттарды да білдіреді.

Лингвомәдениеттануда «концепт» жалпы белгілі бір этнос мәдениетінің басты элементі, адамның менталды әлемінің басты ұяшығы деп танылады. С.Г.Воркачевтың пікірі бойынша, «мәдени концепт – тілдік бейнесі және этномәдени ерекшелігі бар ұжымдық білім/сананың бірлігі» [5,48]. Концепттің орыс мәдениетіне қатысты Ю.С.Степановтың «орыстардың және орыс қоғамының рухани өмірінің ұжымдық қазынасы» [6,57] деген анықтамасын басқа мәдениеттер контексті негізінде де қолдануға әбден болады.

Концепттің басты белгілерінің бірі – оның мәдени реңкте болуы. Сондықтан ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады. Сонымен, концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым.

Мәдени концептілердің ұлттық үлгілеріне тән ортақ және ерекше белгілерін айқындау үшін олардың тілдік көрінісін, қандай да болмасын ұғымды білдіретін сөздің этимологиясы, синонимиясы мен антономиясы, тіркесу, контекстік қолдануы, семантикалық аялары, образды ассоциациясы, модустік бағалануы, фразеология және тілдік шаблондар құрамында берілуі – бұның барлығы әрбір ұғымды білдіретін басты концептілердің өзіндік «тілін», оларды қайта өңдеуге (реконструкция жасауға), адам санасындағы алатын орнын айқындауға мүмкіндік береді. Міне, осындай сараптама, өмірлік мәні бар дүниетанымдық концептілердің шынайы мәнін ашады.

Мақал-мәтелде кездесетін әр концептін ерекшелігіне тоқталайық. Барлық адамзат, соның ішінде қазақ дүниетанымының «қазығы» боларлық «тағдыр» концептісіне, сонымен бірге оларды жете танып түсінудегі қазақтың ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктеріне тоқталуды мақсат еттік.

«Тағдыр» концептісі қандай да болмасын халықтың мәдени мәні бар концептілердің бірі, әрі қазақ дүниетанымында да басты орын алады. Ол өзінің абстракциялы сипаттамасы бойынша өте күрделі. Жалпы, бұл концептіні теологтар мен философтар белгілі бір дәрежеде зерттеген. Біз өз тарапымыздан осы концепті түсінудегі қазақтардың дүниетанымдық түсінігінің дүниенің тілдік суретіндегі мақал-мәтелдегі ұлттық танымдық көрінісі сөз етіледі.

Ислам бойынша «тағдыр» Алланың жазмышы, яғни алдын ала белгілеп қоюы, оған мұсылман адам күнделікті санада ешбір қарсылықсыз, шыдамдылықпен көнеді. Адам-

ның шыдамдылық, сабыр еткені, қанағат тұтып шүкіршілік еткені үшін Құдірет сый көрсетеді деген ұғым орын алады. Бәлкім осындай түсінік негізінде Құдайға сенуші жалғаннан – өмірден түңілмей, оның сәтті де, бақытты кезеңдерін күтіп, «тағдырдың» келеңсіздіктерін шыдамдылықпен, мойымай басынан өткізеді. Түркі халықтарында, соның ішінде қазақтарда осы концептіні түсінуде тағдырға көнумен қатар, оның алдында дәрменсіздігі жазушы Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы паремиялық қолданыстарында көрініс тапқан.

Поэтикалық тіркестер арқылы жазушы азапты өмірдің тақсиретін тартып, шаршап, шалдыққан жанның аянышты халін, әркімнің бет-бетімен бытырап кеткен тұстарын, аша түскен қабатын қолдану арқылы ойды тереңдете түседі: Шешем Құлыханның бауырлары әлі сол Бектөбеде тұрады. Сәли, Қали, Бөпетай, Сатай. . . Е, оларды да көрмегелі көп заман болды. Мұртаза барда бәрі де келіп-кетіп тұрушы еді. *«Балапан басымен, тұрымтай тұсымен»* дегендей болып кетті ғой [7,32 б.].

«Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» мақалында аласапыран, қилы-қилы заманда әркім өз басын сауғалап, өз күнкөрісін діттеп, бет-бетімен кетудің сипаты, ел басына келген қиындық пен қасірет ел-жұрттың басын біріктірмей, бет-бетімен кетуіне мәжбүр еткендігі айтылған.

«Әкесіз жетім – арсыз жетім, шешесіз жетім – иерлі жетім» деген тіркеспен мына жолдарды қарайық: Әлі есімде, қыстың күні жаман жалғыз көрпесін жамы-лып жүретін. Ақтамақ Сұлтаннан Науат дейтін бір қыз тапты. Бейшара бүкір еді. Омыртқасы жарақаттанып, тумай жатып мүгедек болып қалды. Жанары ботаның көзіндей жәудіреп, адам көрсе бір жәрдем тілейтіндей жауаң-жауаң еткенде, жаның шырылдап, жүрегің жылағандай боласың. . .

Қуанышбай жылқыны санап болып:

– Қайта бер, – деді. Жаз болса да жаурап тұрғандай жағы үрпиген, жүдеу. «Әкесіз жетім – арсыз жетім, шешесіз жетім – иерлі жетім» деген рас болар. Шешенің, яғни Айшаның барына тәуба! [7,109].

Автор бұл мақалдың *«Әкелі жетім анық жетім, Шешелі жетім жарым жетім»* негізі денотативті мағынасын ашып береді: әдетте әйел адамның өте қажырлы, қайратты келетіндігі айтылып, баласына әкенің жоқтығын білдірмейтіндігі, әке орнына әке болып, жұмыс істеп бала-шағасын бағумен қатар, ол соларға әке мейірімін де бере алатындығы, сонымен қатар, баласын көрінгенге көз түрткі қылмайтындығы айтылса, шешесі бар жетімнің киімі таза, тамағы тоқ, ол көп нәрседен тарыға бермейтіндігі, жетімдікті жартылай ғана сезінетіндігін, ал әке баласын материалдық жағынан қанағаттандырғанымен, рухани жағынан толық қанағаттандыра алмайтындығы, үнемі баланың қасында болып көлденең көзбен сөзден де қорғай алмай, бала ылғи жауаңдап, шешесінің мейірімін аңсап өтетіндігі, яғни анадан айырылған бала өзін нағыз жетім сезінетіндігі содан екендігін танытады. Әрі қарай осы мақалға селбесетін коннотативті мағынасын да көрсетуге болады. Мысалы: *«Әкемді алсаң да, Құдай, шешемді алма – шекпен тоқып берсе де өлмеймін ғой»*. Бұл әке мен шешені өлімге бөліп қию емес, жетім қалағын баланың өмір-тіршіліктегі әкесіз, не шешесіз көрер күйкі тіршілігін көз алдында елестетуден туындаған саналы ой: *«әкенің жақсылығы жездедей-ақ»* дегендей, әкесіз жетімге шешенің өмірде тигізер шапағаты, қамқорлық қасиеті мол болса керек. Солардың бірі – жетімектің бас-аяғын бүтіндеп, киім-кешегін жөндеп (*«шекпен тоқып беру»*) беру қолынан келетінін тілге тірек етіп отыр.

Кейіпкерлер сөзі арқылы автор ауыр өмірге наразы кейіпкер өмірінен хабар береді.

Тағдыр тауқыметін арқалаған арманды жанның бүкіл өмірін беру үшін осы поэтикалық тіркестердің өзі жеткілікті: Осы ойымды оқып отырғандай, Көк кемпір:

– Шәкеңнің майы шылқылдап тұрмағанын білемін. Кескін-кейпінен көрініп тұр ғой. Балағы жырым-жырым шалбар киіп те адам жегжат-жұрағат аралай ма екен? «Басқа түссе – баспақшыл» болғансың ғой. Ал енді, – деді Көк кемпір Зиба кішірейтіп берген қоңыр шалбарды нұсқап [7,229].

«*Басқа түссе – баспақшыл*» мақалында адам баласына қиыншылық іс түссе, оның істемейтін ісі, айналыспайтын тіршілігі жоқ екендігін, яғни ол бәрін де, тіпті ең бір ауыр, былғаныш (мәс. тері илеушілік) істі де орындауға мәжбүр болатындығын, яғни соған шарасыз көнеді демекші.

«*Жазмыштан озымыш жоқ*». Өйткені Алла тағаланың о бастан-ақ адамның маңдайына не жазып қойса, ол сол қалпында орындалады, оны өзгерту пенденің қолынан келмейді деген діни наным-сенім негізінде қалыптасқан түсінік.

Менің астымдағы бурыл тай құлағын тікшитіп, енесі кеткен жаққа тесіле қарап біраз тұрды да, қарнын қампита күрсініп, мойнын төмен салып, ажырыққа бас қойды.

Шешесінен айырылғанын білді ме? Білсе, неге жүлқынып, артынан шаппайды? Неге кісінеп жыламайды? Бір күрсінді де тынды.

А, бәлкім, осынкі дұрыс та шығар. Жақын адамдар бір-бірінен айырылса – күйік. Қайғыдан, қасіреттен құса болып, өзегіне өрт түседі. Одан не пайда? «*Жазмыштан озымыш жоқ*» екенін біле тұра адамдар қайғыдан бүгіліп қалады [7,123].

«*Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді*». Бұл мақалда кебін – пенденің келмес сапарға аттанғанда киер ақырет киімі және ол – келмеске кеткеннің бір белгісі; ал тас кебенек (ер-азамагтың сауыт орнына жауға киетін, арасына қылқылшық салып соғысқа кеткен адамның, садақ оғы өтпейтіндей етіп, тығыздап, қара киізден басқан қорғаныс киімін) киіп, қарсы шайқастан еліне (үйіне) аман қайтуының мүмкіндігі ықтимал; коннотативті сипатында: «қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» дегендей, тірі кеткен адамның еліне оралуы ықтимал деген мағынасында қолданылған [7,63].

«*Орнында бар оңалар*». Бұл мақалда еліші өлім-жітімге қатысушы жасы үлкендердің қазаға қайыр айта отырып: «Адамның өзі өлсе де, жалғасы, өзінен қалған артында ұр-пағы (ұл-қызы, немере-шөбересі) бар, демек марқұмның түтінін түтетіп, тіршілігін жалғастыратын етене жақын адамдары бар екен, ертең-ақ олар ержетіп, орынын басары анық, көп қайғырмандар, сабыр етіндер!» деп марқұмның жақын туыстарына көңіл білдіріп жұбатып, қайғыға басалқы сөз айтудың бір түрі деген мағынасында берілген [7,114].

«*Түйені жел шайқаса, еікiнi аспаннан көр / көктен ізде*». Қолданылған мақалда қауымдағы рухы, тегі, болмысы мықты, күшті ер-азамагтардың өздерін тағдырдың тәлкегі тәлтіректетіп, қиыншылық құрсауына алғанда, солардың жүйкесін құртып, жігерін құм еткен де, табиғаты нашар, әлсіз-әлжуаз адамдар азып-тозып, жүнжіп, жабағы тышары сөзсіз. Демек мақал өмірдің неше алуан қиындығы мен қыспағына әркім әртүрлі төзімділік білдіреді: біреуге олар түйені жел тербеткендей сезілсе, енді біреулерге сол желден аспанда ұшып жүрген ешкіні көз алдына елестетуі де мүмкін [7,183].

Қазақтың ұлттық танымында «тағдырға» қанағаттанудан гөрі қанағаттанбаушылығы басым екендігі байқалады. Яғни, «тағдыр» өмірдің тұщысынан гөрі, ащысынан қолданыс табады. «Тағдыр» мен «өлім» концептілері арасында белгілі бір байланыс бар екендігі сөзсіз. Адам өлімнің алдында да тағдырдың алдындағыдай өзінің дәрменсіз екенін мойындап, өлімді тағдырдың құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды.

«Өмір» мен «өлім» концептілеріне қатысты мақал-мәтелдер: «Туғанға жыламаймын, өлгенге жылаймын»; «Ажал ажарына да қарамайды, базарына да қарамайды»; «Біреудің ажалы оттан, біреудің ажалы судан»; «Дүниенің қадірін берерде білерсің, жанның қадірін өлерде білерсің»; «Өтпейтін өмір жоқ, сынбайтын темір жоқ»; «Өткен қайтып оралмас, өлген қайтып келмес»; «Өзгеге өлім тілегенше, өзіңе өмір тіле»; «Өмір озады, ажал тозады»; «Өзен ағысын бөгеуге болады, өмір ағысын бөгеуге болмайды»; «Өлім байдың малын шашады, жоқтың артын ашады»; «Өлімсіз дүние болмайды, өткелсіз кешу болмайды».

Өмірдің «берілетін, кететін, келетін, үйрететін, күресетін, өшетін, жанатын, т.б. әрекет иесі» екенін фразеологиялық және поэтикалық дүние бейнелері де таңбалайды. Мәселен, фразеологиялық дүние бейнесінде «Өмір» концептісі *өмір бақи, өмір беру, өмірге бойлау, өмірге ез болу, өмірге жету, өмірден тепкі жесу, өмір кешу, өмір өту, өмір тауқыметін көру, өмір тонын кигізу, өмір шамы сөнү, өмірі кісі есігінде өту, өмірін сарп ету, өмірі*

өксі т.б. фразеологизмдердің денотативтік, сигнификативтік, коннотативтік мағыналары арқылы «заттық-ұғымдық-концептуалдық» байланысқа түседі.

Өмірден теккі жеді/көрді (тіршілік үшін күресінің бәрі жеңіліске ұшырады); *Өмір тау-қыметін көп көрген* (өмірдегі ыстық пен суықты, қуаныш пен қайғыны, мұң мен наланы, жақсылық пен жамандықты басынан көп өткізген); *Өмірін итке берсін* (қиыншылықты көп көру және ол қиыншылықтарды адам басына тілемеу) фразеологизмдерінде өмірдің іс-әрекет қимылының бейнесі адам іс-әрекет, қимылына ауыстырылып, «адам» мен «өмір» арасына теңдік белгісі қойылады.

Қазақтың паремиологиялық дүние бейнесі өмірге «Өмір – күрес» деп анықтама береді. Ол анықтаманың ішкі формасында күрестің шарты (жеңіс пен жеңіліс), күрестің амал-тәсілі (ерлік жасау, мойымау, қайраттылық таныту т.б. арқылы жеңіске жету), күрес түрлері (карама-қайшылықтар арасындағы), күрестің себеп-салдары «өмірдің» заттық елесі (образ) түрінде бейнеленеді. Мәселен, «өлім мен өмір» күресін кескіндеген *«Қорлық өмірден, ерлік өлім артық»*, *«Тізерлеп өмір сүргеніме, тік жүріп өлген артық»*, *«Өмір мен өлім күресе, ауру аяқтан алады (шалды)»* сияқты паремиологиялық модельдерде «ерлік» категориясы жеңіске жеткізудің амалы, «ауру» категориясы күрес салдары тұрғысынан сипатталады. *Қызық, ұзақ, рахат* лексемалары арқылы паремиологиялық дүние бейнесінде «Өмір» концептісінің адамның уақыт тезіндегі кезеңдеріне қатысты сындық және сапалық сипаттамасы жасалады. Қызық өмірі – адамның жастық шағының, рахат өмір – жасамыс кездің, ұзақ өмір – көрер күндердің үлесі. Мысалы: *Жасында жігітшілік қылмаған, өмір қызығынан құр қалады; Рахатсыз өмірден ұйқыда көрген түс артық; Өлгеніңнен жақсы екен өлмегенің, Көргеніңнен көп екен көрмегенің* т.б.

«Мен он үштен он төртке қарағанда, шешем қайтыс болды. Оның қырқын беріп жатқанда, көкемнің жанына балаған жалғыз құласы жамандатып өлді. Көкем көпке дейін үйден шықпай отырып қалды. Бір күні даладан кірсем, домбыраға қосып, баяулатып, жанағы әнді айтып отыр екен. Көкейіме құйылып кетті. Егер біреу айт десе, дәл сол арада айтып жіберуге дайын тұрмын. Осы әнді естіп, көкемнің жақсы көретін құрбысы Дәурен ара қонып келді. Көксандық дейтін өзі мініп жүрген жақсы атын жетелей келіпті. Екеуінің әңгімесінен есімде қалған көп нәрселер әлі сақтаулы. Дәурен шешен, тапқақтап сөйлейтін кісі екен. Белбеуін шешіне отырып айтты мына сөзді: «Ат – ердің қанаты» деуші еді, қанатың сыныпты. «Әйел – үйдің тұлғасы» деуші еді тұлғаны жығылыпты. «Жатырмын жүгім ауып терең сайда» деген дауысыңды естіп, шыдай алмадым. Көксандыққа ерінді сал. Ел ішіне көзінді сал. Жетімсіретпе балаларды. «Балаға ана керек. Анасындай әйел әкел!».

Көкем Көксандыққа мінген соң, ел аралап жүріп, бізге ана тауып әкеп берді» («Дауылдан кейін», 100 б.).

Славян халықтары дүниетанымында «судьба» – Күдіреттің өмірді басқарып, бағыттап отырар күші. Орыс тіліндегі бұл сөздің этимологиясы да осыны айғақтағандай: түбірі – «суд» – «Божий суд» (Құдайдың әмірі) – «чему быть, тому не миновать»; «не судьба». Бұл концептің семантикалық аясында тағдырды Құдайдың жазмышы хақында түсінетінін көрсететін «доля», «участь», «суждение» лексемалары бар.

Сараптама нысаны болып отырған «тағдыр» концептісінің түркілік лексикалық формасына келетін болсақ, ол тіліміздегі «талай» сөзімен беріледі.

Халық даналығының сарқылмас көзі – мақал-мәтелдер бір-бірімен үзіліссіз қатыстылықта, тығыз қарым-қатынаста, өзара байланыста болып келетін дүниенің мәдени бейнесі мен дүниенің тілдік бейнесі тарамдалатын реалды дүние суретіне барып саятындығымен маңызды. Реалды дүние бейнесі дегеніміз – адамзаттан тыс жаққан объективті әлем, адамды қоршаған шындық болмыс. Дүниенің мәдени бейнесі – адамның сезім мүшелері мен ұжымдық немесе индивидуалдық санасы арқылы алынған түсініктеріне негізделетін ұғымдар «елегінен» өткізілетін реалды дүниенің бейнесі. Дүниенің тілдік бейнесі – тіл «сүзгішінен» өткен дүниенің мәдени бейнесі, ол дүниенің мәдени бейнесін тіл мен сана арасында «көпір» ете отырып, шындықты, реалды әлемді бейнелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Қайдар Ә. Халық даналығы. Алматы: Толғанай, 2004. 560 б.
- [2] Учайкина Е.Н. Концептосфера «богатство» в англо-саксонской картине мира: [3] Концептуализация и категоризация: дисс... канд.филол.наук. М., 2005. С.11.
- [4] Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингво-культурологический аспекты. М.: Школа языка и русской культуры, 1996. –288 с.
- [5] Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: филол.ғыл. докт. дисс. автореф. Алматы, 2004. 251 б.
- [6] Воркачев С.Г. Концепт «счастья»: понятийный и образный компоненты. Известия РАН. Серия лит. и языка. 2001. Т. 60. № 3. С. 47-58 .
- [7] Степанов Ю.С. Константы русской культуры. М., 2001. 312 стр.
- [8] Шерхан М. Ай мен Айша. Роман. Алматы: Жалын, 1997. 256 б.

МРНТИ 16.21.49

Г.С. Исаева

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты
Алматы қаласы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ӘЛЕМІНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕГІ «АҚЫЛ» КОНЦЕПТІСІ: ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аннотация. Бұл жұмыс әлемнің қазақ тіліндегі көрінісіндегі ақыл ұғымының объективтілігін зерттеуге және оның паремиологиялық талдауына арналған. Жұмыстың тақырыбы қазіргі лингвистиканың маңызды тәртіптік салаларының қиылысында орналасқан: когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоконцептология және гуманитарлық ғылымның антропоцентрилік парадигмасы шеңберіндегі белгілі бір мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде адамның ішкі әлемі туралы вербальды идеяларды қарастыруға бағытталған.

Тірек сөздер: концепт, лингвомәдениеттаным, паремиология

Г. С. Исаева

Научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтұрсынұлы,
кандидат филологических наук
Алматы, Казахстан

КОНЦЕПТ «УМ» В КАЗАХСКОЙ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЕ МИРА: ПАРЕМИОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация. Данная работа посвящена исследованию объективации концепта ум в казахской языковой картине мира и его паремиологическому анализу. Тема работы находится на стыке важнейших дисциплинарных областей современной лингвистики: когнитивной лингвистики, лингвокультурологии, лингвоконцептологии и предполагает рассмотрение вербализованных представлений о внутреннем мире человека как носителя определенной культуры в рамках антропоцентрической парадигмы гуманитарной науки.

Ключевые слова: концепт, лингвокультурология, паремиология.

G. S. Issaeva

Researcher of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly,
Candidate of Philology
Almaty, Kazakhstan

CONCEPT OF «CLEVERNESS» IN THE KAZAKH LINGUISTIC WORLD- IMAGE: PAREMIOLOGICAL ANALYSIS

Annotation. This paper deals with the research of objectification of the concept “cleverness” in the Kazakh linguistic world-image and its paremiological analysis. The theme of the work is at the crossroads of the major subject areas of modern Linguistics: Cognitive Linguistics, Linguocultural studies, and Linguoconceptology, and involves consideration of the verbalized ideas about the inner world of a man as a carrier of the certain culture in the framework of the anthropocentric paradigm of the humanities.

Keywords: concept, linguocultural studies, paremeology.

Соңғы жылдары концепт мәселесі қазіргі тіл білімінің негізгі екі бағыты – когнитивті лингвистика мен лингвомәдениеттануда жоғары қолданысқа ие. *Когнитивтік тәсіл* кезінде концепт білім мен сана ұғымдарының шеңберінде қарастырылып, әлем туралы ерекше білім, тікелей сананың түрлі субстратты бірліктері қосылған когнитивтік құрылым ретінде саналады. Мұндай талдауда алдыңғы қатарға тіл мен сананың өзара қатынасы шығады. Ал, *лингвомәдениеттанулық тәсілде* концепт «тіл – мәдениет» диадасы шеңберінде қарастырылады. Бұл дәстүр бойынша, концепт санада шектеулі ғана орын алып, оның ұлттық-мәдени өзгешелігіне ерекше көңіл бөлінеді [1,58]. Сана мен мәдениеттің бейнесі тілде беріліп, сол тілді қалыптастырады. Сондықтан да когнитологтар үшін концепт адамның ойлау бірлігі ретінде қызықты болса, лингвомәдениеттанушылар үшін концепт мазмұнындағы мәдени ақпарат аса құнды болып табылады.

Тіл, көне мәдениеттің қазыналы қоры ретінде халықтың тұрмыс-салтының, әдет-ғұрпының, наным-сенімінің, ойлау жүйесінің ерекшеліктері мен өзгешеліктерін көрсетеді. Сондықтан тілді лингвомәдениеттану тұрғысынан зерттеу ең алдымен, белгілі бір мәдениеттің болмысын тану үшін маңызды болмақ. Біз бұл мақаламызда ақылдылық концептісінің паремияларда берілу сипатын, қазіргі кезде қарқынды дамып келе жатқан тіл ғылымы салаларының бірі – лингвомәдениеттану ұстанымдарымен байланыстыра қарастырамыз.

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі ақылдылық концептісінің лингвомәдени қырын анықтау – қазақ тіл білімінде бұған дейін қарастырылмаған тың тақырып. Ал орыс тіл білімінде бұл мәселе кеңінен зерттеліп келе жатыр. М.В.Пименова мен О.Н.Кондрачевалардың концептуалды зерттеулерге арналған еңбегінде ақыл ұғымы лингвомәдениеттанымдық аспектіде талдау жасалынса [1, 58], ақыл, ақымақтық концептілері неміс және ағылшын тілдерінің әлемдік бейнесінде [2, 23], ағылшын және татар тілдерінің лингвомәдениеттанымдық аспектісінде [3, 24], ал орыс тілінің лингвомәдени ерекшелігі ретінде оппозициялық (қарама-қайшылық) тұрғыда [4, 168] қарастырылды.

Ақылдылық менталды концептісінің қазақ дүниетанымындағы, мәдениетіндегі орнын, яғни лингвомәдени сипатын анықтау үшін паремиологиялық бірліктердің қызметі ерекше. Өйткені тілдің паремиологиялық қоры – халықтың дүниетанымдық, мәдени қырларын түсіндірудің маңызды бір қайнар көзі. Себебі мақал-мәтелдер ұлттық ерекшеліктерді ашуда мол мәліметтер береді. «Паремиялар тұрмыстық ойлау жүйесін, моральдық тәртіп пен әдептерді тұжырымды түрде бере отырып, халықтың тәжірибесін қамтиды және жалпы алғанда, лингвистер үшін әрбір этностың әлемге қатысын анықтау мүмкіншілігін береді. Сондықтан әлемнің паремиологиялық бейнесі әлемнің тілдік бейнесінің құрамды бөлігі ретінде ұлттық-мәдени ерекшеліктің жүзеге асырылуы концептіні түсіндірудің маңызды қайнар көзі болып табылады» [5, 67]. Демек, халықтың тарихы және мәдениеті мен тұрмысы тілдің паремиологиялық қорынан орын алады.

Ақыл ұғымы «әр адамның білім деңгейіне, өмір тәжірибесіне, жүйке-жүйесінің ерекшеліктеріне, жеке-дара өзгешеліктеріне орай түрлі деңгейде көрінеді» [6,296]. Қазақ әдеби тілінің сөздігі бойынша, *ақыл* сөзінің мағынасы – «1. Адамның ойлау қабілеті, сана-сезім; 2. Пікір, пайдалы кеңес, өсиет; 3. ауыс. Дұрыс шешім, қиындықтан шығудың жолы, амал, айла» [6, 290]. Қазақ тілінде *ес* сөзі *ақыл* сөзімен бір мағынада қолданылып, *ақылды, есті, есі бар* сөздері бір синонимдік қатар құрайды. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі ақылдылық концептісін лұғаттық мәліметке сүйене отырып, үш негізгі мағыналық топтың аясында қарастырамыз. Олар: **I. Адамның ойлау қабілеті, сана сезімі; II. Пікір, пайдалы кеңес, насихат; III. Дұрыс шешім, қиындықтан шығатын жол, амал.**

I. Адамның ойлау қабілеті, сана сезім. Сонымен, *ақылдылық* концептісінің бұл тобында қазақ халқы адамның басқа жаратылыстардан менталдық қасиетімен ерекшеленетінін және оның түрлі лингвомәдени қырларын мақал-мәтелдер арқылы айқын бейнелейді. Сонымен қатар, қазақтың паремиологиялық қорынан жиналған *ақылдылық* концептісіне қатысты тілдік бірліктердің көпшілігі осы топтың құрамына енді. Осы мағыналық топта

қазақ мақал-мәтелдеріндегі **ақылдылық** концептісінің мынадай лингвомәдени белгілері айқындалды:

Ойлау қабілетінің ерекшеліктері (40 паремиологиялық бірлік). Бұл семалық белгіден **ақылдылық** концептісінің «ойлау қабілеті, сана-сезім» семалары қазақтың дүниетанымына тән ерекшеліктермен танылғанын байқауға болады:

Адам мен малдың айырмасы ақылда; Ақыл бастайды, Аяқ тастайды; Ақыл бастан шығады, Асыл тастан шығады; Ақыл – мидан, нақыл – биден; Ақылды өтірік шаршатады; Ақылды жел де ұшырмас, ұры да ұрламас; Бойдақтың ақылы – екі көзі // Бойдақтың ақылы екі көзінде; Ақылыңды ұрлатпасаң, ғалым боласың; Ақыл жоқта нақыл жоқ; Адам ақылмен алып, Адам ақылмен көрікті, Ер халқымен даңқты; Аштың ақылы – тамағында, Жаяудың ақылы – табанында // Аштың ақылы тамағында, Ұйық-тамағанның ақылы қабағында; Аштың ақылы болмас, Тоқтың – қайғысы; Адамның тізгіні – ақыл; От пенен су батырға қарамас, Ажал мен бейнет ақылға қарамас; Ақыл махаббат тұзағына тап келсе, Қашарға жол іздейді; Айла – алтау, ақыл – жетеу, айла мен ақыл қосылса, алдырмайтын екеу; Ақыл – Алланың сыйлығы; Ақыл айнымас, алтын иірімес // Ақыл арымайды, алтын иірімейді // Ақыл арымас, алтын иірімес // Алтын айнымайды, ақыл азбайды; Ақыл алты басты, Нәпсі жеті басты; Ақыл аста, Қайрат жаста, Асыл таста; Ақыл ауыздан, Мерей көзден; Ақыл ауыр болмайды, Азық ауыр болмайды; Ақыл ауыс, ырыс жұғыс // Ақыл ауысады, Ырыс жұғысады; Ақыл ащы, Жеміс тәтті; Ақылдың ісі асығыспен бітпейді; Әрбір адам ақылды бола бермейді, Жат пен жақын бірдей бола бермейді; Екі адамның ақылы, Бір адамды оңайды; Жалғыз ақыл жақсы, Екеу болса, бекем болады; Жетең жаман болмаса, Жете жарлы болмайсың; Ақыл толғанбай тумайды, Ана толғатпай тумайды; Құдай қарғайын [құртайын] десе, ақылыңды алады; Дауды ақыл жеңеді, Жауды батыл жеңеді; Кешіккен ақыл, Қалады қабыл; Қайратсыз ашу тұл, Қайғысыз ақыл тұл. Тұрлаусыз ғашық тұл, Шәкіртсіз ғалым тұл; Қараңғыда жарық, Қиындықта ақыл керек; Ақыл надан басқа кірмейді, Темір шеге тасқа кірмейді; Махаббаттың бұрымы – ақылдың аяғына салынған тұсау, Саққұстарға құрылған тұзақ; Ақшада ақыл жоқ, сондықтан қалта тандамайды; Жаманның ақылы көзінде; Жалқауға дәулет үшін ұйқы берер, Жаманға ақыл үшін күлкі берер; Ақылдың жүрегі – өлием таразысы; Ақылдың өлиемі – парасат; Ақылдың өлиеуі – қалам, т.б.

Ақыл мен Ойдың арақатынасы (11 паремиологиялық бірлік). Бір-біріне ұқсас **ақыл** мен **ой** психологиялық ұғымдарының өзара байланысы және олардың бағалаушылық сипаты қазақ мақалдарында былайша бейнеленеді: *Ақыл ойдан артық емес; Ақыл – дария, Ой – теңіз; Ақыл – алтау, ой – жетеу; Ақылың болса, ойлап тап; Ой ақылдан жүсірік емес; Ой өлшейді, ақыл теңшейді; Ойдың түбі – терең, Ақылдың түбі – ерен; Әлем билеу үшін зердетірек қой, Ел билеуге керек ақыл, жүрек, ой; Ақыл-ойды сабақ өсіреді, Адамды заман өсіреді, т.б.*

Ақыл мен Білімнің арақатынасы (26 паремиологиялық бірлік). Қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбаев өзінің 19-шы қарасөзінде **ақыл** мен **білім** ұғымдарының бір-бірімен байланысын, қалыптасу жолдарын былайша талдайды: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, тағып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады» [7, 175 б.]. Хәкім Абайдың адам бойындағы ақыл мен білім туралы осы пайымдауын қазақтың дүниетанымынан қалыптасқан мақал-мәтелдерінен де көре аламыз. Олар:

Ақыл бізді білімге жетелейді; Ақыл мен білім арманыңды іске асырады; Ақыл мен білімнің тілмашы – тіл; Ақыл ойға, білім көкке көтереді; Ақыл, қайрат, білімді Тең ұстаған зор болар. Ойсыз, жігерсіз, білімсіз Өмір кешкен қор болар; Ақыл-ой мен білім – әр адамның сәулеті; Адам бойындағы ең тамаша нәрсе – білім мен ақыл; Ақыл – шам-шыра-

ғың түндегі, Білімділік – жарық көзі күндегі; Көкпар тақымға тоқтайды, Білім ақылға тоқпайды; Ақыл азбайды, Білім тозбайды; Ей, ақылды, алыс ұста ашуды, Ей, білімді, білім қаһар ашуды; Оқу білім береді, ақыл бермейді; Пайда келер ақыл, білім жолынан, Зерделі мен таза адамның қолынан; Шарап деген білім мен ақылға жау, Шараптың ша-тағы сол – ұрыс пен дау; Ақылдыны білім ұстамды қылады; Ақылдыны іздегеннің өзі – нағыз ақылды, Білімдіні іздегеннің өзі – нағыз білімді; Білімсіздің білгені: «өзім толық білем» дер, «өз ақылыммен жүрем» дер; Ақыл – тозба[-ітын, аздырмайтын] тон, Білім – таусылма [-ітын]с кен; Білім – қонақ, ақыл – қожя; Білімдіден ақыл шығар, Ақылды қарттан нақыл шығар; Жастың ақыл-білімі асса, аға қояды; Ғылым ақылға қанат біті-рер; Ғылым өлшеуі – ақыл, Зейін өлшеуі – нақыл; Ғылымның басы – ақыл, Ақылдың басы – төзімділік; Дана – ақылдан озар, Надан – ақылдан тозар; Ілім – бұлақ, Ақыл жағалай біткен құрақ, т.б.

Ақыл мен Тіл (3 паремиологиялық бірлік). Әлемнің ойшылдары мен психологтер, когнитолог ғалымдары «ойлау мен тіл» арақатынасын ерте заманнан қазіргі күнге дейін сөзталқысына салып келеді. Аристотельдің көзқарасы бойынша, тілмен салыстырғанда ойлау бірінші жаратылған және тіл ойды білдіру үшін ғана дамыған. Бұған қарсы пікір білдірушілер, логикалық және жүйелі ойлау тек тілдің арқасында жүзеге асады, деген ойды ұстанады [8, 138]. Ал тіл мен ойлау туралы қазақтардың танымдық пікірін мына паремиялардан көреміз:

Тіл – ақылдың өлшемі; Ақыл көркі – тіл, Тілдің көркі – сөз, Адам көркі – жүз, Жүздің көркі – көз; Тіл – сүйексіз, ақыл – түпсіз.

Ақыл мен Достық (10 паремиологиялық бірлік). Қазақ мақал-мәтелдерінен адамның ойлау қабілеті мен сана-сезімі достық ұғымымен теңесетіні аңғарылады:

Ақыл – саған ізгі дос, әділ жолдас; Ақылдан жақын дос болмас, Аиудан жаман қас болмас; Аиу – дұшпан, ақыл – дос; Аулақтама, еңбектен сен шошым, Еңбектен әркез мерей, ақыл, досың да; Аиу – дұшман [кәпір], ақыл – дос, Ақылыңа ақыл қос; Ақылдан жақын дос бар ма? т.б.

Сондай-ақ, ақылды адамның тағы бір жақсы сипаты – досы арқылы танылатынын мына мақал-мәтелдерден байқауға болады:

Досыңа құрмет көрсет, Алыс жолдан тос, ақылыңа ақыл қос; Білімдімен дос болсаң, Сасқанда ақылын айтар, Білімсізбен дос болсаң, Топ ішінде бетің қайтар; Басыңа іс түс-кенде қасыңнан табылған дос – дос. Ондай досты әрқашан қолдап, ақылыңа ақыл қос; Жолдас болсаң, сынап ал, Ары мен ақылын өлше. Қиынға жұмса, жүрегің сенсе, Панасы бол, қорлық көрсе; Ақылың парасатты, жаның жайлы болса, Достарыңның өзі іздеп табады, т.б.

Адамның зиялылық қасиеттері (37 паремиологиялық бірлік). Қазақтар адамның бойындағы зиялы, мәдениетті қасиеттерін дұрыс ой, жақсы сана-сезімнің арқасында дамып қалыптасады деп сенеді. Сол себептен келер ұрпақты зиялылық пен игілікті дәріп-тейтін мақал-мәтелдер арқылы тәрбиелеп отырған:

Ақыл бар жерде шындық бар, өтірік жоқ; Ақылды адам ардақты; Ақылды адам аз жейді; Ақылды адам айтқызбай біледі, Ақ сұңқар қаққызбай [қақтырмай] іледі; Ақылды адам аптықпай шыдап сөйлейді, Жаңғыртып екі айтпай, бірақ сөйлейді; Ақылды адам елдің бейбітшілігін тілер; Ақылды адам ерінбейді, Құатты адам сүрінбейді; Ақылды адам нәпсісін тыя біледі; Ақылды адам сөзді орнымен айтып, Жөнді жасау күтеді // Ақылды орнымен сөйлер де, жасауын күтер; Ақылды адамға екі дүниеде де жол ашық; Ақылды азаматтың: қолы – қару, Басы – сандық, тілі – кілт; Ақылды деп айтса болар, Айттырмай өзі білген-ді. Жомарт деп айтса болар, Сұратпай өзі бергенді; Ақылды кең-нен толған ұғындырады, Шадыр мінез шап етіп суындырады, Ақылды кісінің белгісі – аз сөйлеп, көп тыңдайды. Арғымақтың белгісі – Аз оттап, көп жусайды; Ақылды кісі аз сөйлер; Ақылды кісінің ісі де ақылды, Біліксіз кісінің «біліксіз» деген аты да былғаныш; Ақылды үшін дүние толған тікенек, Бассаң кірер аяғыңа, байқа тек!; Ақылдыға айтқан

сөз, Қолға ұстаған тумен тең; Ақылдының белгісі: Байыса аспайды, Дәрежесіне таспайды; Ақылдының сөзі қысқа, Айта қалса – нұсқа; Ақылы болса, аяулы болады, Білігі болса, бектікке таласады; Алтынды дат баспайды, Ақылдыдан бақ қашпайды; Бөрінің соңынан бөлтірік ақылды болғандықтан ермейді; Бір ақылды мың пәледен құтқарады; Бір ақылды кісі айтыпты: «бір ақша жүз елу батпан қара күштен әлдеқайда пайдалы»; Екі ақылды адамның арасынан ұрыс шықпайды; Кемел ақыл жоқ болса, тілінді тый; Кең өзеннен түбек шығады, Кемеңгерден ақыл үдеп шығады; Күшіген құс жемтікке шүйілдер тез, Есті кісі ақылға иілер тез; Қазаға разы болып, Пәлеге сабыр ететін – ақылдының ісі; Қазақтың ақылы көзінде, Қасиеті сөзінде; Елдің елдігі – тілегінде, Ақылдының ақылы – жүрегінде; Адамның көркі – ақыл, Сөздің көркі – мақал; Ажар сұту емес, ақыл сұту; Ердің көркі – ақыл, ақылдың көркі – сабыр // Ақыл – адам көркі, Ақылдың сабыр – серігі, т.б.

Адамның психикалық қасиеттері (8 паремиялогиялық бірлік). Кейбір мақал-мәтелдер адамның психикалық кемшілігі, ойлау қабілетінің ауытқуынан, деген пікірді білдіреді:

Адамның азғаны ақыл-естен іриді; Адамның ақылы азда, Істемес істі істейді; Адамдан ақылдан азар; Адамның ақылы артынан түседі; Сортаңға ел қонбайды, Сорлыға ақыл қонбайды.

Қазақтар сана-сезімнен қалыптасатын адамның **менмендік** қасиетін мына мақалдар арқылы сынға алады:

Өз ақылым – ақыл-ақ, Кісі ақылы – шоқырақ; Пишені өртенбегеннің бәрі ақылды; Әркімнің өз ақылы кемел көрінеді, т.б.

Ақылға қатысты **адамның іс-әрекеті мен қалып-күйі** (8 паремиялогиялық бірлік):

Адал іс істесең, адал боп өлесің, Ақылды іс істесең, өміріңе құт, Қиын іс бітірсең, өмір бойы қорықпайсың; Ақылды істі асығып ойланбайды, Ішегің көп жүгірсең майланбайды; Айыпты айып жусың, Ашуды ақыл қусың; Ақылы аздаң азабы көп; Асығыстық пен ашудан ақыл күңгірт тартар; Асыққан – ақылдының ісі емес, Жүгіргеннің ішегі көгермейді; Маңдайыңмен қар тесерсің, Ақылыңмен жар тесерсің; Түбі баянсыз істен ақылды адам сақтанар болар; Отты сөндіріп, қозасын қалдырма, Жыланды өлтіріп, баласын асырма, Ол – ақылды кісінің ісі емес.

Адамның жас ерекшелігі (14 паремиялогиялық бірлік). Қазақ халқы адамды жасының үлкендігіне ғана емес, ақылының кемелдігіне де қарай сыйлап құрметтеген. Мәселен:

Ағадан іні ақылды болса, Үш жасы үлкен болады; Ақыл жасқа бітеді[-ер], Қына тасқа бітеді[-ер]; Ақыл жаста, Асыл таста // Ақыл жастан шығады[-ар], Асыл тастан шығады[-ар] // Ақыл – жастан, Асыл [Қына] – тастан; Ақыл жастан шығар, Жүйрік аттан шығар. Ақыл қарттан шығар, Асыл тастан шығар; Ақыл кіріп, қырықта әдеп білмесе, «Адам емес», болар еді кім десе!; Ақылды қария – ағып жатқан дәрия // Ақылды қария – ағынды дария; Жасы жетсе де, ақылы жас адам бар, Өз ақылы өзіне жау болатын[-дар да] надан бар; Жасы кіші болса да, Ақылы көпті аға тұт // Жасы кіші демей-ақ, Ақылы асса, аға тұт // Қой асығы деменіз, қолыңа жақса, сақа тұт, Жасы кіші деменіз, ақылы асса, аға тұт; Ақылы асса аға тұт, Әкімшілігі асса пана тұт; Қарт ақылы ер қисығын түзетер, Жас қайраты жер қисығын түзетер; Қырық жасында әдеп пен ақылы болмаған адам – адам емес; Ұл бала алтыда – ақыл иесі, Он бессте – отау иесі; Байығанда, барлық адам бағалы, Қартайғанда, тек ақылмен жағады.

Туыстық қарым-қатынаста (3 паремиялогиялық бірлік) да ақыл ұғымының өз орны бар:

Ақылды асқан жақсыны «алысым» деп ойлама, Ақылы жоқ жаманды «жақыным» деп ойлама. Бір сынаған жаманды екінші қайтып қинама, Ашуланса мерт қылар, жолбарыспен ойнама; Ақылы көптің жақыны көп; Ата-ананың ақылы Сайрап жатқан жолмен тең. Ақылдының ақылы Сарқылмайтын көлмен тең.

Гендерлік сипат (17 паремиялогиялық бірлік) барлық ұлттардың паремиялогиялық қорында кездеседі. Дегенмен, қазақтар еркек пен әйел жынысының ерекшелігін өзінше топшылайды:

Ақылды ердің ішінде Алтын ерлі ат жатар. Ақылды әйел ішінде, Алтын бесікті ұл жатар; Ақылды әйелді «ханым» де, сөз ұғатын жгітті «жаным» де; Атасыз ұл ақылға жарымас, Анасыз қыз жасауға жарымас; Әйел сұлу, еркек ақылды болу керек; Әйелдің ақылдылығы сұлулықта, Еркектің сұлулығы ақылдылықта; Ерде ақыл тұра ма, Қосынан ауған соң. Әйелде ақыл тұра ма, Біреуден сауын сауған соң.

Қазақ халқы әйелдің көркінен гөрі ақылына аса мән берген:

Әйел көркі ақылда; Көже[-ні] таңдама, қатығын таңда, Сұлу[-ды] таңдама, ақылын таңда; Көріктіні сұлу де, ақылдыны ару де; Қатияда [Қатыда] қатын ақыл табады; Сұлу қыздан не пайда, Ақыл-есі болмаса; Ақылды қызға ана көп, Аяулы жанға пана көп; Алма ағаш жемісімен тәтті, Сүйгенің ақыл, жұмысымен тәтті.

Алайда қазақ мақалдарында әйелді ақылының аздығына, кейде тіпті жоқтығына орай кемсіту сипаттары да орын алады:

Әйелдің ақылы қысқа, шашы ұзын || Әйелдің [Қатындардың] шашы ұзын, ақылы қысқа; Жұмыртқада тұк қанша, Әйелдің ақылы сонша.

Ал еркектердің ақылына қатысты мақалдар көбінесе насихаттық мәнде кездеседі:

Ақылды ер адамнан айып іздемейді, Өнер іздейді; Ақылды ер әр адамның көңілін аулар, Күйзеліп күнде күншіл жоқты даулар; Бидайдың кеудесін көтергені, дақылы тоқтығы, Жгіттің кеудесін көтергені, ақылы жоқтығы.

Ақылдылық концептісінің семалық белгілері **әлеуметтік-қоғамдық сипатта** (21 паремиологиялық бірлік) да бейнеленеді:

Ақылменен көп елді қаратып атуға болады; Көз көруге, ақыл білуге, жүрек сөйлеуге тоймайды; Ең ақылды адам – ел билеуден аулақ болған адам; Менің ақылым сенде емес, Сенің ақылың менде емес, Ел ақылдан кенде емес, Сезімсіз, мисыз пен-де емес; Аталар сөзі – ақылдың көзі // Аталы сөз – ақылға көз.

Ақыл бай мен кедейлерде:

Ақыл бітпес дәулетке, Дәулет бітпес келбетке; Ақыл-айла болмайды тек жарлыда; Байлығыңа сенбе, ақылыңа сен; Кедейдің ақылы қырық парша; Кісі ақылымен бай болғаны, Өз ақылымен жарлы бол; Мал кедейлігінен ақыл кедейлігі жаман // Малға жарлылық – жарлылық, Ақылға жарлылық – сорлылық // Малдан жарлы қылсаң қыл, Ақылдан жарлы қылма; Шауып-шауып, Байдың ұлының ақылы түстен кейін түседі.

Басқа да қоғам өкілдері туралы:

Ғалым – ақылдың шамы; Көзі жоқ, құлағы саудың ақылы талады, Құлағы жоқ, көзі саудың ақылы солады. Көзі көрместің көңілі сөнбес; Көп ақылы алысты болжайды, Жалғыз ақыл отбасынан озбайды; Қайрат – қосиы, ақыл – басыы; Мас адамда ақыл жоқ; Өзі ұлық, ақылы шалшық; Ұстаның айласы көп, ақылы жоқ; Ханда қырық адамның ақылы болса, Биде қырық адамның ары болсын. Ханда қырық кісінің ақылы бар, Қасқырда қырық кісінің жүрегі бар, Бір кісінің күші бар.

Ақыл құндылығы (8 паремиологиялық бірлік). Қазақтар **ақыл** ұғымын «баға жетпес байлық», «таусылмайтын қазына» мағыналарымен теңестіреді. Ақылдың құндылығы мақалдарда былай түсіндіріледі:

Адамның ақылы – алмас; Ақыл базарда сатылмайды; Ақыл байлық – азбас байлық // Ақылға байлық – тозбас байлық; Ақылда баға жоқ, тәрбиеде шек жоқ; Ақылдан артық байлық жоқ; Дананың ақылы – дария, Халықтың ақылы – мұхит; Ақыл – дария, Алсаң да таусылмайды. Жер – қазына, Саусаң да таусылмайды; Ақыл дария екен, Көңіл дүлдүл екен, т.б.

Ақылдың пайдасы (15 паремиологиялық бірлік). Ақылды адамның жақсы сипаттары басқаларға тек қана жақсылық әкелетіні мына мақалдардан байқалады:

Ақылмен тапқан абырой сүйегіңмен кетер, Арамнан тапқан абырой түбіңе жетер; Айтұшы ақылды болса, Тыңдаушы дана болады; Ақылды адамның тілін алсаң, Хош иісті гүлін аласың; Ақылды болу сараңға да жарасады; Ақылды досың болса адаспайсың; Ақылдыдан құрдасың болса, Құдаңнан артық жоқтасар; Ақылдыдан шыққан сөз, Аңсағанға

болсын кез; Ақылдылық жақсы атқа қалдыруды тілейді; Ақылдымен сөйлессең, ақылдыңа ақыл қосылар; Ақылды кісіден кісілік үйренесің; Ақыл көпке жеткізер, Өнер көкке жеткізер; Ақыл – мың оқудың басы; Бәйтерек басын күн иалса, Көлеңкесі жердікі. Артық туған ақылды, Өмір бойы елдікі; Сазан балықтың миын жеген ақылды болады; Тыныш жүрген ақылдан кенде болмас, т.б.

Ақылдың зияны (12 паремнологиялық бірлік). Қазақ мақал-мәтелдерінде **ақыл** концептісінің жақсы жақтарымен қатар, жағымсыз тұстары да бейнеленеді. Ол көбінесе адамдардың ойлау қабілетін, сана-сезімін дұрыс жолда қолданбауынан болады:

Байлаусыз ақыл – тәуекелдің дұшпаны; Баста ақыл болмаса, Көз пәстектің жыртығы // Көкіректе ақыл болмаса, Көз – шалбардың жыртығы. // Кісіді ақыл болмаса, көз дегенің құр әйнек; Баста ақыл жоқ болса, Аяққа құи түседі; Ақылды ердің көзін ақша байлайды, Қыл тұзақта құс құлқынын ойлайды; Ақылы азған адам өзін-өзі отқа тастайды; Біткен ақыл болмаса, Сұрткен ақыл болмайды; Дарияны теріс ағызған ақылдан Бармақтай бақ ілгері; Орта ақыл ортадан шығармас, Артық ақыл пайда бермейді; Өз ақылын шамалаған қор болмас; Жаманның ақылы түстен кейін кіреді, Жақсының қадірін істен кейін біледі; Қырт кісінің ақылы Мал жайылған шыырдай. Тым естінің қалады Әр нәрсесі бұйырмай; Мақтаншақ бар ақылын мақтанға тауысады.

Ақыл мен Ашу (17 паремнологиялық бірлік). Бұл жерде ашу сезімінің ойлау қабілетімен арақатынасы сөз болады:

Ас тасыса көбігі [қатығы] төгілер, Ашу [Ер] тасыса ақылы төгілер; Ақыл ашуды қаймықтырады, Ашу ақылды қамықтырады; Ашу – ақылдың дұшпаны, Нәпсі – иманның дұшпаны; Ашу – пышақ, Ақыл – таяқ, Жонса жұққарар; Ашу – пышақ, ақыл – таяқ, Таяғы қайыспай ма, жонғаннан соң; Ашу ақылды өшірер, Сабыр сананы өсірер; Ашу алда, ақыл артта [соңда] // Ашу алдында, Ақыл соңында; Ашу арындайды, Ақыл артынан аяңдайды; Ашу асыққанда ақыл басу айтар; Ашу келсе ақыл кетер, Ашудан ақыл көп болса, Ашу не етер; Ашу тұрған жерде ақыл тұрмас // Ашулы басқа ақыл тұрмайды; Ашуды жеңсең ақыл толады; Ашулыда ақыл болмас, Ақыл көп болса нетер; Ашуыңа ақыл сал, Ашуыңды қайтып ал; Ажал ақылға тоқтайды, Тіл алғыш мақұлға тоқтайды. Ашу ақылға тоқтайды; Ақылға ақыл қос, ашуыңды тос; Ел көшеді деп отыныңды тауыспа, Жау келеді деп ақылдыңды тауыспа.

Ақыл туралы насихат (14 паремнологиялық бірлік):

Ақылды бол, ақылды айтса мақұл бол; Ақыл-санаң барында, кір жуытта арыңа; Ақылың болса арыңды сақта, Ар, ұят керек әр уақытта // Ақылың болса, алдымен арыңды сақта, Сонан соң малыңды сақта; Ақылың болса, ақылға ер, Ақылың болмаса, нақылға ер; Ақылың болса, жыр тыңда; Ақылың болса, ұзақ жерге сапар шек; Арзымасқа ақылдыңды тауыспа; Мол қайратыңнан, аз ақылың болсын; Нәпсінің тізгінін ақыл тұтсын; Алтын алма, ақыл ал, Алтын ақыл таппайды, Ақыл алтын табады; Қайратыңа ақылың мен әдісіңді жолдас ет // Қайратыңа әдісіңді жолдас ет, Әдісіңе ақылдыңды жолдас ет; Тыңдап жүріп толар ақыл дорбасы, Көп сөйлесе, ұшар ердің қор басы, Тыңдай білсе, қанар құлақ құрышы, Көп сөйлесе, қашар адам ырысы; Ақылдан аспа, ұятты баспа; Жанжалдың шоғы қызарса, ақылдың суын сен; Кісі ақылы кісіге пайда-зиян, Өлмесіңді түбінде өзің ойлан.

II. Пікір, пайдалы кеңес, насихат. **Ақыл** концептісінің бұл мағыналық тобындағы мақал-мәтелдерден адамдардың бір-бірімен пікір, пайдалы кеңеспен алмасу, үгіт-насихат алу семалары аңғарылады. Мұнда қазақ мақал-мәтелдеріндегі ақыл концептісінің төмендегідей лингвомәдени белгілері анықталды:

Адамның жас ерекшелігі (9 паремнологиялық бірлік). Қазақ мақалдарында ақыл-кеңес, насихат айту адам жасының ерекшелігіне қарай әртүрлі сипатта көрінеді. Мәселен, қалыпты жағдай ретінде жасы үлкеннің ақыл-кеңес айтуы былайша бейнеленеді:

Аға болсаң, ақыл айт, Ақыл айтсаң, мақұл айт; Ақыл алсаң азбассың, Көпті көрген көнеден; Алтысқа келгеннен ақыл сұра; Алтыста ақылың болса, Басыңа дау қонбайды; Бұрын қонғаннан қоныс сұра, Бұрын туғаннан ақыл сұра. Көрегенді көнеден сұра, Көре

білмесе, көп жүргеннен сұра; Бір жас үлкеннен ақыл сұра // Өзіңнен бір көйлек бұрын тоздырғаннан ақыл сұра.

Алайда мынадай керісінше мағынаны білдіретін мақал-мәтелдер де кездеседі:

Алтыстан асқан атаңнан ақыл сұрама; Ақылды кәріден сұрама, бөріден сұра; Ақыл жас ұланнан [шығады], Жүйрік тай құнаннан шығады // Ақыл – жас ұланнан, Жүйрік тай – құлыннан.

Туыстық қарым-қатынас (5 паремиологиялық бірлік). Қазақ дүниетанымы бойынша отбасылық, туысқандық қатынаста ақыл айтудың, насихат берудің орны ерекше. Мәселен,

Қыз ақылды ескермес, ана үлгісін көрмесе, Ұл жарылқап ас бермес, әке үлгісін көрмесе; Қызым саған айтам, Келінім сен тыңда; Менен, ұлым, ақыл алып жақсылыққа жаратқын, Елде білгір, ұлық болсаң, өнер-білім таратқын; Әйеліңе балаң жоқ жерде ақыл айт, Балаңа адам жоқ жерде ақыл айт; Әке – ақылшы да, айбар, қормал да қорған. Әкең болса тозбайды, айыл-тұрман; Балаға байқап сөйлесең, ақылыңа көнер. Байқамай көп сөйлесең, көрсетер бір «өнер» // Балаңа байқап сөйлесең, ақылыңа көнер, Байқамай көп сөйлеген, жұрт ішінде өлер.

Әлеуметтік-қоғамдық сипат (20 паремиологиялық бірлік). Ақыл-кеңес, насихат семасын білдіретін қазақ мақалдары қоғамдағы әлеуметтік топтармен де байланыстырылып айтылады.

Алаяқтан ақылшың болмасын, Кеңірдегі зордан бақырышың болмасын; Жүйріктен ақыл сұрасаң, Артыңнан жетер қуғандай. Әкімнен [Хакімнен] ақыл сұрасаң, Алды-артыңды бұғандай; Бір күн абырағаннан қырық күн ақыл сұрама // Бір күн ашыққаннан, Қырық күн ақыл сұрама // Бір күн қарны ашқаннан Қырық күн[ге дейін] ақыл сұрама; Ат алсаң, ауылыңменен ақылдас, Қатын алсаң, қауымыңменен ақылдас // Ат сатсаң, аулыңмен ақылдас [3], Ауылың болмаса, бөркіңмен ақылдас [3]; Қалаға барғаннан үш күн[ге дейін] ақыл сұрама; Алысқа кеткеннен ақыл сұрама; Бас аяқтан ақыл сұрамайды; Дана – ақыл сұрамас; Көп жасағаннан ақыл сұрама, Көп көргеннен ақыл сұра.

Сонымен бірге, ханның ақылшысы, кеңесшісі қызметін атқарған «қарашы» туралы сөз болған мақалдар да осы топтың семалық белгілерін толықтырады. Мәселен, *Қай ханның да қарашысы азады; Қарашы хан тұсында, Қатын ер тұсында; Қарашыңа қастық қылсаң, бағың кетер, Жұртың безіп, сәнің кетер; Сұлтан қарашыларымен сұлтан; Хан – қазық, Қарашы – азық; Хан (қан) қарашысыз болмас; Хан әділ болса, қарашы оған жүк; Хан қасында қарашы болса, Қара жерден кеме жүргізер; Ханның ісі қарашыға да түседі[-ер]; Алыстағы әулиеден Жуықтағы машайық артық; Бәледен машайық қашар.*

Ақыл-кеңестің жағымды жағы (19 паремиологиялық бірлік). Ақыл-кеңес, насихаттың жақсылыққа жеткізетін жағымды белгісі бар екенін мына мақалдардан көре аламыз.

Ақылдасқан адам қашан да жеңіске жетеді; Ақылдассаң шешерсің, Ақылдаспасаң, кем кесерсің; Ақылдассаң, ақыл табасың; Ақыл сөзді алтыс рет айтсаң да артықтығы жоқ; Ақыл сөзді санаңа сақта, Асыл сөзді балаңа сақта; Ақыл айтсаң, мақұл айт; Ақыл – кеңес, әмір емес; Ақыл көптен шығады, Дәрі-дәрмек шөптен шығады // Дәрі – шөптен, ақыл – көптен; Ақыл тыңдай білсең, жаңаланады, Білімді қайталасаң, жаңарады; Көптің ақылы – көл, Аздың ақылы – шөл; Кең тон тозбас, Кеңесті ақыл кемімес; Нақыл – ақыл; Ақылды сөз қысқа келер, Нақылды сөз нұсқа келер; Кісі ақылын таңдап ал, Таңдап [-талғап,] алсаң, талдап ал; Кісі ақылы кісен менен тұсау, Өз ақылың өкпе менен бауыр// Өз ақылың өзіңе, Өзен мен самардай. Кісі ақылы Кісен менен тұсаудай; Ақыл-кеңес бергенге қызмет қыл; Ақыл-кеңес тыңдамаған адам Өрдайым машақатқа түседі; Ақыл-мен мыңды, ақырумен бірді көндіресің; Ақылды ақпа құлаққа айтпа, Құйма құлаққа айт.

Ақыл-кеңестің жағымсыз жағы (11 паремиологиялық бірлік). Ақыл-кеңестің жағымды жағымен қатар, жағымсыз тұстары да баршылық. Мәселен,

Айтар ақылы [нақылы] жоқтың, Табар ақылы жоқ; Айтса болар, ақылды алып ұққанға [оқығанға], Айттып-айтпай немене, Екі құлағын мақтамен тыққанға; Наданға айтқан ақыл Тасқа жасауған жаңбыр сияқты // Наданға айтқан ақылың зая, Келмеске

жылаған жассың зая; Тумысынан жаманға ақыл үйретіп болмайды, Туғаннан адасқанды шақыртып болмайды; Қылжақбас ақыл үйретер.

Сонымен қатар, ақыл-кеңес, насихаттың **жамандықпен** байланысы мына мақалдарда бейнеленеді:

Жаман іске ақыл көп керек, Жас балаға үлгі көп керек; Жаман атпен суға жүрсең, Аяғын баспас, жалдайды дер. Жаман кісіге ақыл айтсаң, Әсте нанбас, алдайды дер; Жаманға айтқан ақыл, Піиенге қойған отпен тең; Жаманға айтқан ақылың, Алтын да болса мыспен тең; Жаманға айтқан ақылың, Далаға атқан оқпен тең. Талабы жоқ жас ұлың, Жалыны жоқ шоқпен тең; Жаманға ақыл айтсаң, «алдайды» дер, Жаман атпен су кеісең, «жалдайды» дер.

Ш. Дұрыс шешім, қиындықтан шығатын жол, амал. Бұл мағыналық топтағы мақал-мәтелдер саны жағынан аз болғанымен (8 паремиологиялық бірлік), **ақыл** концептісінің «дұрыс шешім, амал, қиындықтан шығатын жол» семаларын қазақ дүниетанымы арқылы білдіреді. Олар:

Ақылды ақымақтан үйрен; Еріншекпен егескеніше, Етегіңді түріп кетпен шап. Елге-зекпен теңескеніше, Бар күніңді салып бақ. Теңестім деп тек тұрма, Одан да озудың ақылын тап; Ақыл таппай амал жоқ, Атыңи бұзбайтын қамал жоқ; Ақыл таптым аяққа, Не айтамын қазаққа; Қашу егестен, ақыл кеңестен туады; Алданудан сақтану – ақылдылық; Керекті жерінде гана сөйлеген – мақұл, Орынсыз жерде сөйлемеген – ақыл; Ақылменен пішкен тон Кем де, кең де болмайды; Ақылмен арыстан ұстауға болады.

Сонымен, **ақылдылық** концептісінің қазақ мақал-мәтелдердегі лингвомәдени көрінісі әлеуметтік, менталдық өзгешеліктерімен танылды. Сондай-ақ, қазақ қоғамы **ақыл** концептісінің «ойлау қабілеті, сана-сезім» мағыналық қырына аса мән беретіні, оның ішінде ойлау қабілетінің ерекшеліктеріне (40 паремиологиялық бірлік), адамның зиялылық қасиеттеріне (37 паремиологиялық бірлік), ақыл мен білім ұғымдарының арақатынасына (26 паремиологиялық бірлік) және әлеуметтік-қоғамдық сипаттарға байланысты мақал-мәтелдердің көптеп кездесетіні анықталды.

Жалпы алғанда, өзге халықтар сияқты қазақтар да, ғасырлар бойы қалыптасып, халықтың рухани байлығынан ақпарат беретін мақал-мәтелдер арқылы ақылдылыққа аса мән беріп, ақымақтықтан алыс тұруды дәріптейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Пименова М.В. Концептуальные исследования. Введение: учеб. пособие / М.В. Пименова, О.Н.Кондратьева. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2011. – 176 с.

[2] Мишин А.А. Концепты ум и глупость в немецкой и английской языковых картинах мира: автореф. канд. филол. наук / А.А. Мишин. Владимир, 2007. С. 65.

[3] Гафиятуллина Н.Р. Вербализация бинарных концептов «Мудрость»/Ақыл и Глупость/Юләрлек в английском и татарском языках: автореф... канд. филол. наук / Н.Р.Гафиятуллина. Казань, 2012. 24 с.

[4] Кириллова И.В. Лингвокультурологическая специфика когнитивной оппозиции ум-глупость в русской языковой картине мира: дисс... канд. филол. наук / И.В.Кириллова. Нижний Новгород, 2012. 168с.

[5] Кириллова И.В. Выражение когнитивной оппозиции концептов «ум», и «глу пость» в русских и чешских паремиях / И.В. Кириллова/ Вестник МГОУ Русская филология, №4. 2010. С.64-67.

[6] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. I т. Алматы: Арыс, 2006. – 32-35 б.

[7] Абай, Ибраһим Құнанбаев. Шығармалар жинағы: екі томдық. 2 т. Аудармалар мен қара сөздер / Ибраһим Құнанбаев Абай. Алматы : Жазушы, 1986. 200 с.

[8] Филд Джон. Психоллингвистика: Ключевые конспекты. Энциклопедия терминов (с английскими эквивалентами). Пер. с англ. / Общ. ред. И.В. Журавлева. М.: Изд-во ЛКИ, 2012. 314 с.

МРНТИ 16.21.31

С.Қ. Құлманов¹, Ж.Т. Шыныбеков², Т. Талғат³

¹А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Терминология бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты

Алматы қаласы, Қазақстан

²«Ғылым ордасы» РМК ғылыми қызметкері

Алматы қаласы, Қазақстан

³«Ғылым ордасы» РМК ғылыми қызметкері

Алматы қаласы, Қазақстан

«ЖАҢА ӘЛІППЕ ЖОЛЫНДА» (JANAALYPBE JOLYNDA) ЖИНАҒЫ ТУРАЛЫ

Аннотация. Мақалада латын қарпіне көшу мәселелеріне арналған «Жаңа әліпби жолында» атты мақалалар жинағы талданады. Жинақ 1927 жылы Қызылорда қаласынан Жаңа түркі әліпбиін енгізу жөніндегі комитеттің баспасынан Кәрім (Ғабдол) Досжанұлы Тоқтабаев пен Мұқтар Мырзаұлының құрастыруымен шыққан. Кітап төте жазумен басылғандықтан, көпшілік қауымға арнап, кирилл қарпіне түсірілген.

Тірек сөздер: әліпби, емле, тіл, әріп, дыбыс, таңба, араб графикасы, латын қарпі, кирилл қарпі, комитет, оқыту, жазу, айырмашылық, баспа.

С.К. Кулманов¹, Ж.Т. Шыныбеков², Т. Талғат³

¹Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, заведующий отделом терминологии,
кандидат филологических наук

Алматы, Казахстан

²научный сотрудник РГП «Ғылым ордасы»

Алматы, Казахстан

³научный сотрудник РГП «Ғылым ордасы»

Алматы, Казахстан

О СБОРНИКЕ «НА ПУТИ ПЕРЕХОДА К НОВОМУ АЛФАВИТУ» (JANAALYPBE JOLYNDA)

Аннотация. В статье анализируется сборник статей «На пути перехода к новому алфавиту», посвященный вопросам перехода на латиницу. Сборник вышел в 1927 году в издательстве комитета по внедрению нового торжского алфавита города Кызылорды под редакцией Карима (Габдол) Досжановича Тоқтабаева и Мухтара Мырзаұлы. Поскольку книга была издана на арабском алфавите (төте жазу), она переведена авторами на кириллицу.

Ключевые слова: алфавит, орфография, язык, буква, звук, знак, арабская графика, латиница, кириллица, комитет, обучение, письменность, различие, типография.

S.K. Kulmanov¹, Zh.T. Shynybekov², T. Talgat³

¹Institute of Linguistics named after A. Baitursynov, head of the terminology department,
candidate of philological sciences

Almaty, Kazakhstan

²Researcher of the RSE “Gylym Ordasy”

Almaty, Kazakhstan

³Researcher of the RSE “Gylym Ordasy”

Almaty, Kazakhstan

ABOUT THE COLLECTION «ON THE PATH OF THE TRANSITION TO THE NEW ALPHABET»

Annotation. The article is devoted to the collection «On the path of the transition to the new alphabet», which discusses the problems of the transition to the Latin script. The collection was printed in 1927 in Kyzylorda in the printing-house of the Committee on the implementation of the new Turkic alphabet. The compilers were Karim (Gabdol) Doszhanovich Toktabaev, Mukhtar Myrzauly. Since the book was printed in the Arabic alphabet (төте жазу), it was translated by the authors into the Cyrillic alphabet.

Keywords: alphabet, spelling, language, letter, sound, symbol, Arabic alphabet, Latin script, Cyrillic alphabet, committee, training, written language, printing-house.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап **әліпбиімізді латын қарпіне**, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз.

Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», – деп нақты көрсетті. Осыған орай қазіргі кезде латын әліпбиіне көшудің лингвистикалық, экономикалық, әлеуметтік, психологиялық негіздері зерттелу үстінде.

Біз бұл мақаламызды латын қарпіне көшу мәселелеріне арналған «Жаңа әліпби жолында» атты мақалалар жинағына арнамақпыз. Жинақ 1927 жылы Қызылорда қаласынан Жаңа түркі әліпбиін енгізу жөніндегі комитеттің баспасынан Кәрім (Ғабдол) Досжанұлы Тоқтабаев пен Мұқтар Мырзаұлының құрастыруымен шыққан. Кітап төте жазумен басылғандықтан, көпшілік қауымға арнап, кирилл қарпіне түсірілді.

Жинақтағы алғашқы мақала – Мұқтар Мырзаұлының «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» атты мақаласы. Мұнда автор латын қарпін мәдениеттің көрсеткіші ретінде ағай отырып: «латын әріпінің керек жері біздің ілім жүзіндегі әдебиет» деп, оны тез үйреніп кетуге болатынын айтады: «... Оқып ысылған азаматтарға латын белгісінің тіпті де қиыншылығы жоқ. Жаңадан оқи бастаған оқушыларға қандай белгі болса да бәрібір, қайта латын әрпі жеңілрек те».

Мақалада латын әріптерін алғандағы қазақ әліпбиі былайша көрсетіледі:

1.	– a	13.	ن - n
2.	ب - b	14.	و - o
3.	ف - c	15.	پ - p
4.	د - d	16.	ر - r
5.	ه - e	17.	س - s
6.	ح - h	18.	ت - t
7.	ع - g	19.	ف - u
8.	ج - j	20.	ۇ - ū
9.	ي - i	21.	ڭ - ŋ
10.	ي - I	22.	ز - z
11.	ل - l	23.	ء - b
12.	ھ - m		

Жинақтағы Нәзір Төрқұлұлының «Бізге қандай әліппе керек?» атты мақаласы

А.Байтұрсынұлы емлесінің жақсы тұстарын бағалаудан басталады. Мақалада: «Ленинградтағы Академия жанындағы профессорлар комиссиясы жаңа әліппенің жобасын қарап, тексеріп шығып, Ақметтің дәйекші системасын якуттарға да ұсынды. Ақметтің қызметі бұл жөннен ұмытылмайтын өзгеріс», – делінген. Алайда автор араб әрпінің төмендегідей «міндерін» көрсетеді: 1) оқыту жағынан; 2) жазудағы қолайсыздық; 3) медицина, саулық жағынан (бір-бірінен айырмасы аз, тануы қиын әріптерді оқи-оқи көз бұзылады); 4) санды жазудағы қолайсыздық; 5) білім кітаптарын жазудағы ыңғайсыздықтар (медицинада, алгебрада я геометрия кітабында ұшырайтын формулаларды жазу мәселесі); 6) музыкада қолданудың қиындығы; 7) баспа шығыны, жазуға кететін уақыттың көптігі; 8) жазу мәшинесі мәселесі; 9) Еуропаның баспахана-баспа ісіне кіргізетін жаңалықтарынан алшақтау; 10) Еуропа тілдерін үйрену мәселесі.

Н.Төрөқұлұлы латын жазуына байланысты айтылған: «1) латынша әліппені кім ұсынып отырғанын білмейміз; 2) жұрт қараңғы, надан болғандықтан, өз жолымыздан шығармақшы екен деп түсінеді; 3) латынша әліппе болғанда ескі кітаптарымыз не болады; 4) латыншаға өту ерте; 5) жаңа әліппені алғанда бөтен түрік әдебиеттерінен айырыламыз; 6) әріптерімізді дараласақ, жеке-жеке басатын болсақ, барлық оңайсыздықтар бітеді; 7) жаңадан әріп жасатып, жаңадан жұртты оқыту қиын; 8) мәдениет істерімізге бөгет болып қалады; 9) латын әліппесін шығарған елдің өзі дүниеде жоқ, әліппесінің не кереті бар; 10) алыс латыншаны алғаннан орыс әліппесін алсақ болмай ма деген сияқты мәселелерге жауап береді.

Әрі қарай автор өз бағдарламаларын ұсынады: «Татардағыдай, латын әліппесі принципі қабыл алынғаннан соң, жаңа қазақ әліппесі жасалсын. Онан соң жаңа әліппе жұрттың сөздерінен өтсін. Қалың ел бұл мәселенің не екенін толық білсін. Газеттерде, журналдарда, мектептерде мақалалар, баяндамалар беріліп тұрсын. ... Ұсынған программамыздың бірі – бірінші бөлімі. Сол арада «Оқу құралы» сықылды бастауыш мектеп кітаптары ескішілдіктен тазартылып заманымыздың талабына, керегіне қарай түзетіліп, аяғына үлгі, өрнек боларлық дәрежеде бес-он бет латынша тегіс қосылсын дейміз. ... Программанымыздың үшінші бөлімі: қазақ-қырғыз арасына жаңа әліппенің идеясы біраз жайылып кеткен соң, қалың елдің көзі жаңа таңбаларға үйір болған соң, ел ішінде жаңа әліппемен жазатын кісілер көбейген соң жаңа әліппе кеңсеге кіргізілсін дейміз. Ол заман кеңселерде қазақшаны жүргізу жеңіл болады».

Жинақтағы Әбдірақман Байділдәулының «Жаңа әліппе тарихынан» мақаласында латын әліпбиіне көшу мәселесінің тарихы айтылады. Автор бұл мәселе төңірегінде Қазақстанда жаңа әліппешілер қоғамы (қысқаша «ЖӘҚ») құрылғанын айта келіп, оның жұмысына баға береді.

Ә.Байділдәулы қолданылып отырған араб әрпінің төмендегідей кемшіліктерін көрсетеді: 1) бір дыбысты белгілеу үшін әртүрлі таңбалар қолданылады (бас, орта, соң, жеке) және соның өзінде де тіліміздің дыбыстарын түгел таңбалауға жетпейді; 2) араб әрпінің көбі бір түсті болғандықтан, оқытуға, оқуға, жазуға ауырлық келтіреді; 3) цифрларды жазу қиындығы; 4) араб әрпінің біркелкі болмай бірі үлкен, бірі кішкене болуы; 5) алгебра, геометрия, физика салаларындағы формулаларды жазудың қиындығы; 6) музыкада қолданудың қиындығы; 7) баспада жұмысы жөніндегі кемшіліктері (шығын, уақыт); 8) араб әрпінің өнерлі жұрттардың, өзге елдердің мәдениетімен танысуға жарамсыздығы.

Автор әрі қарай емле, әліппе, әріп, тіл ұғымдарының ара-жігін ажыратып көрсетеді: «Імлә деген не? – Тілдің заңы мен дыбыстарын айырып ашып, ол дыбыстарды қалай таңбалауға ереже қою. ... Әріп деген не? – Әр дыбыстың таңбасы. Әліппе деген не? – Тілдегі барлық дыбыстың таңбасы. Таңба мен ережені шатастыруға бола ма? – Болмайды. Імлә мен әліппені әріпті шатастыруға бола ма? Болмайды».

Ә.Байділдәулы латын әліппесінің де екі үлкен мінін көрсетеді: «1) әріп санының аздығы, 2) үлкенді-кішілі екі әріптің түрі қолданылатындығы». Сонымен қатар бұл кемшіліктерді жоюдың да жолдарын айтады. «Біз латын әліппесін алғанда әріптің үлкен түрін

тастап, кіші түрін алуымыз керек. Сонымен латын әліппесінің бір зор кемшілігі жойылады. Енді латын әліппесінің әрпі аздығына келсек. Бұл жағынан латынды жеке алсақ кемістік болады; арабпен салыстырсақ, арабтан көріне артық болады.

Латындағы 24 әріптің 18-і қазақ тілінің дыбыстарын таңбалауға жарайды: *a, b, d, e, g, k, l, m, n, o, p, r, s, t, u, z, y, i*.

А, б, д, е, г, к, л, м, н, о, п, р, с, т, у, з, ы, й. ... Бұл барлық дыбысымыздың 75% өзгеріссіз таңбалау деген болады. Мұнан соң латынның 4 әріпі түрін өзгертпей, сәл дыбысын өзгертіп қана қазақ дыбыстарына жарайды. Ол 4 әріп мыналар: *h, v, q, c*: бұлардың дыбысы арабтың «ж» ия «о»-сы сияқты ғана өзгереді *z, y, k, ш*, сонда барлық дыбысымыздың 85-90% таңбалаған боламыз. ... Енді қалған екі дыбысымызға латында лайықты таңба жоқ. Бұларға латынның басқа әріптерін бұзып алуға, яғни латын әліппесін ұстап жүрген Еуропа елдерінің біреуінің қолайлы екі әрпін алуға керек болады. ... Ол екі дыбыс «ж», «н» орнына керек».

Жинақта профессор Пантелеймон Крестовия Жузенің «Араб әліппесінің тарихы» атты мақаласы Т.Шонанұлының аударуымен берілген.

Ал академик В.В.Бартольдтің «Ескі әліппе мен жаңа әліппе мәселесі» мақаласында латын әліппесін алудың әдістері көрсетіледі: 1) латын әліппесін алғанда түркі тілдерінің дыбыстарын таңбалау үшін бірлі-жарым жаңа әріп қосу керек; 2) түркі тілдерінде кейбір дыбыстар Еуропа тілдеріне қарағанда басқаша айтылуы мүмкін; 3) барлық түркі елдерінің әліппесі біреу ғана болу керек; жаңадан қосылатын әріп неғұрлым аз болу керек, латын әрпі өзінде қандай дыбысқа ие болса, түркі тілдерінде де сол дыбысқа ие болу керек.

Жинақта профессор Н.И.Ашмариннің «Жаңа әліппе мен ескі әліппе жайында» атты мақаласында араб әліпбиі мен латын графикасын қолдану тиімділігі екі жағынан қарастырылады: 1) бұл әліпбилердің тірі елдердің тіліндегі дыбыстарын таңбалауға жарамдылығы; 2) қайсысының басу-жазуға артықшылығы.

Профессор Л.И.Жирковтың «Шығыс елдерінің әліппесін өзгерту туралы» мақаласында орыс мемлекеті өзіне қараған елдерге арнап орыс әліппесін алдырмақ болғандығы айтылады. Бұрынғы бір дыбысты көрсететін әріпті сол күйінде екінші бір дыбысқа арнаудың зияны бар, әзірбайжан тіліндегі орыс әліппесіндегі «з» әрпінің «ш» дыбысына арналғаны дұрыс емес делінеді.

Автор латын, орыс, араб әліпбилеріне талдау жасап, латын әліппесін қай жағынан болса да ең қолайлысы деп көрсетеді.

Мақалада латын қарпінің артықшылықтары (жержүзінің көптеген елдеріне тараған; пішіні әдемілеу, өрнектеуге жеңіл) мен кемшіліктері (дыбыс белгілері аз) көрсетіледі. Бір дыбысты белгілеу үшін бірнеше әріпті пайдалану жағдайы талданып, оның шешімі таңбасы жоқ дыбысқа қосымша белгі алу керек делінеді.

Сонымен қатар орыс әліппесінің артықшылықтары (жолға тізгенде тегіс түседі, пішіні анық, көңілге тез тоқылады, Петр заманындағы славян әліппесі латын әліппесінің ыңғайлысын алған, баспаға, жылдам жазуға қолайлы) мен кемшіліктері (таңбасы бір-біріне ұқсас әріптер), араб әліппесінің артықшылықтары (бір-біріне жабысып жағады, жылдам жазуға қолайлы, бірақ бір-біріне қосылмайтын әріптер де бар; таңбалары әдемі) мен кемшіліктері (саны аз) көрсетіледі.

«Түрік жаңа әліппесі туралы» мақаласында профессор Шобанзада араб әліппесінің кемшіліктерін көрсете келе: «Араб әліппесі түрк дыбыстарының тек үштен бірін ғана таңбалауға жарайды», – дейді.

Автор жаңа әліппе мен араб әліпбиін салыстыра келе, мынадай қорытындыға келеді: «Түркі елі жаңа әліппеге көшу деген мәселе өмірде шығыс елдерінде болмаған зор бір жұмыс екен; жаңа әліппеміз «жана» деген атақ алуға орыны бар екен; жазу-оқуды жеңілдетіп, түркі тілін дұрыс суреттей алғандығынан жаңа әліппенің «түркі әліппесі» деген атақты да алуға ылайымы бар екен. Тіл маманы болғандағы менің ойым осы».

Жинақтағы бұдан кейінгі мақала «Латын әрпінің араб әрпінен жеңілдігі бар» деп ата-

